Мың жасаған шаһардың шамшырағы

# ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №103–104 (6782) 6 қараша, жұма, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+



# ЦИФРЛЫ ҚАЛАНЫҢ КЕЛЕШЕГІ

## Шаһар басшысы Hyundai Motor Group өкілдерімен кездесті

***Алматы қаласы өз болашағын жаңа цифрлық технологиялармен елестеді. Заманауи мегаполис ретінде даму бағытында қаламыз цифрлы технологияларды кеңінен қолдануға, тұрғындар үшін қауіпсіз, таза және ыңғайлы қалалық орта құруға басымдық беріп келеді. Болашақта қаламызда автономды мобильді роботтар мен көлік қозғалысын басқарудың зияткерлік жүйелері енгізілуі бек мүмкін. Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды мұндай жобаларды жүзеге асыру жайын Hyundai Motor Group делегациясымен кездесу барысында талқылады.***

Делегацияны компанияның атқарушы вице-президенті, болашақ стратегиясы департаментінің басшысы Хогын Чон және вице-президенті Джэён Ли бастап келді. Кездесудің негізгі тақырыптарының бірі – заманауи технологияны қалалық инфрақұрылымда қолдану болды.

Дархан Сатыбалды Hyundai Motor Group компаниясының MobED роботтандырылған платформасын және басқа да автономды шешімдерін қаланың көлік жүйесі мен логистика саласында пайдалану мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Сондай-ақ, тараптар көлік легін басқаруда жасанды интеллект қолдану, логистикалық үдерістерді автоматтандыру және электромобильдерге арналған қуаттау станциялары желісін дамыту мүмкіндіктерін талқылады.

Кездесу барысында автомобиль өндірісін одан әрі дамыту жайы да қозғалды. 2025 жылы Алматыдағы Hyundai Trans Kazakhstan зауытында 52 мыңнан астам автомобиль шығарылды. Кәсіпорында шамамен, 1700 жұмыс орны ашылған.

Еске салайық, 2026 жылы қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Корея Республикасына мемлекеттік сапары барысында Алматыда жалпы құны шамамен, 238,3 млн. доллар болатын жобаларды жүзеге асыру жөніндегі коммерциялық құжаттарға қол қойылды. Олар автомобиль өндірісін кеңейтуді, автокөлік бөлшектерін шығаруды жергіліктендіруді, көпбейінді клиника мен Lotte қонақүйін салуды көздейді.

Кездесу соңында тараптар ұсынылған жобалар аясындағы жұмысты жалғастыруға келісті. Алматы әкімдігі Hyundai Motor Group компаниясының салалық ұйымдармен және жергілікті серіктестермен өзара ынтымақтастығын дамытуға қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді.

Айта кетейік, Hyundai Motor Group компаниялар тобының Алматы қаласымен ынтымақтастығы автомобиль өндірісін дамытудан бастап, заманауи технологиялар мен қалалық инфрақұрылымды жаңғыртуға дейінгі бірнеше бағытты қамтиды. Қаладағы Hyundai Trans Kazakhstan зауыты жергілікті автоөндірісінде маңызды орталық саналады.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**




## АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.***

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша сайлау округінің тиісті сайлау учаскелері аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін **отыз күннен кешіктірмей,** яғни **2026 жылғы 29 қазанға** дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты ол дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

**2026 жылғы 13 қарашадан** бастап сайлаушыларға нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміндегі немесе тиісті әкімдіктің колл-орталығы арқылы өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

**Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы.**

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS

0 745178 614887 >

САРАП–ТІМЕ

# МЕГАПОЛИСТЕГІ МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ

## Саяси додаға кімдер түсіп жатыр?

***29 қарашада өтетін Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының сайлауына үміткерлерді тіркеу аяқталды. Ресми мәліметке сәйкес, партиялық тізімдерге 119 адам енгізілген. Ал 21 бірмандатты округ бойынша 83 үміткер тіркелді. Осылайша мәслихат мандаттары үшін барлығы 202 үміткер бақ сынайды. Мақалада саяси партиялардың сайлауға қандай құраммен келгені, қай партияның мүмкіндігі басым екені, үміткерлердің кәсіби және жас ерекшеліктері, өзін-өзі ұсынғандардың үлесі, сондай-ақ бәсеке жоғары округтер талданды.***



### Партиялардың мүмкіндігі қандай?

Алматы қаласы бойынша мәслихат сайлауына алты партия тізімдерін ұсынды. Олардың ішінде ең көлемді тізімді «Әділет» партиясы ұсынған. Жалпы саны – 69 үміткер. Бұл партиялық тізімге енгендердің 58 пайызын құрайды. Одан кейін Respublica – 15, «Ақ жол» – 13, «Қазақстанның Халық партиясы» – 12, «Байтақ» – 6 және «Ауыл» партиясы 4 үміткермен сайлауға түседі.

| Партия | Үміткер саны | Жалпы тізімдегі үлесі |
|---|---|---|
| «Әділет» | 69 | 58,0% |
| Respublica | 15 | 12,6% |
| «Ақ жол» | 13 | 10,9% |
| «Қазақстанның Халық партиясы» | 12 | 10,1% |
| «Байтақ» | 6 | 5,0% |
| «Ауыл» | 4 | 3,4% |

Жоғарыдағы сандардың өзі партиялардың сайлауға әртүрлі дайындықпен келгенін және олардың мүмкіндіктерін көрсетеді. «Әділет» партиясы тізімінің көлемі өзге бес партияны жеке-жеке ғана емес, барлығын қосып есептегендегі көрсеткіштен де жоғары. Бұл партияның мәслихаттағы орындар үшін кең ауқымда күресуге ниетті екенін аңғартады.

«Әділет» партиясы тізімінде қалалық мекемелер мен коммуналдық кәсіпорындардың басшылары, аудан әкімдері, мектеп директорлары, дәрігерлер, кәсіпкерлер, қоғам белсенділері, медиа және спорт саласының өкілдері бар. VIII шақырылымдағы Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев те осы партияның атынан сайлауға түсіп отыр. Яғни партия жаңа есімдермен қатар мемлекеттік және қалалық басқару тәжірибесі бар тұлғаларға да сүйенген.

«Ақ жол» партиясының тізімінде бизнес, қаржы, шағын несие беру және логистика саласының өкілдері басым. Ал Respublica кәсіпкерлерді, жеке компаниялар мен қоғамдық қорлардың басшыларын көбірек ұсынған. Халық партиясының қатарында кәсіпкерлермен бірге әлеуметтік қорғау және мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғау саласында жүрген азаматтар бар. «Байтақ» тізімінен экологтермен қатар дәрігер, мұғалім және кәсіпкерлерді көруге болады. Ал «Ауыл» партиясында төрт үміткер бар.

Тізімдерді талдайтын болсақ, партиялардың атауы мен саяси ұстанымы әртүрлі болғанымен, олардың көбі басқару тәжірибесі бар азаматтар мен кәсіпкерлерге басымдық бергенін байқаймыз. Сондықтан сайлау науқанында партиялардың бір-бірінен нақты несімен ерекшеленетіні бағдарламалары арқылы көрінуі тиіс.

### Бір орынға – төрт үміткер

Алматы қаласы бойынша бірмандатты 21 округ бар. Ресми дерекке сүйенсек, 83 үміткер тіркелген. Демек, бір орынға орта есеппен, төрт адамнан келеді. Бұл ел бойынша қалыптасқан орташа көрсеткіштен жоғары. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, республика көлемінде бірмандатқа орта есеппен, үш үміткер таласады.

Ең жоғары бәсеке №21 округте байқалады. Мұнда бір орынға жеті үміткер тіркелген. №5, №13 және №16 округтерде бес адамнан бақ сынайды. Он округте төрт үміткерден, ал жеті округте үш үміткерден тіркелген.

№21 округтегі тартыстың өзгелерден ерекшелігі жеті үміткердің төртеуі өзін-өзі ұсынған. Қалған үшеуі «Әділет», Respublica және Қазақстанның Халық партиясының атынан сайлауға түседі. Үміткерлер қатарының көп болуы сайлаушыларға таңдау еркіндігін береді.

Бірмандатты округтердегі үміткерлердің 31-і өзін-өзі ұсынған. Мұнда бір жайтты ескеру қажет. Өзін-өзі ұсынғандардың бәрі партиясыз емес. Олардың арасында белгілі бір партияның мүшесі бола тұра, сайлауға өз атынан түсіп отырғандар бар. Мысалы, «Әділет» партиясы барлық 21 округке өз өкілін шығарды. Respublica – 14, «Ақ жол» – 9, «Қазақстанның Халық партиясы» 8 округке үміткер ұсынған. Ал партиялық сайлауға қатысатын «Ауыл» мен «Байтақ» бірмандатты округтерге үміткер шығармаған.

### Кәсіпкерлер мен мекеме басшылары басым

Бірмандатты округтерге тіркелгендер арасында кәсіпкерлер, мектеп пен колледж директорлары, аурухана және емхана басшылары, дәрігерлер, заңгерлер, қоғамдық қорлардың жетекшілері, жастар ұйымдарының өкілдері бар. Сонымен қатар, тізімнен тұрғын үй бірлестігінің төрағасын, мұғалімді, режиссерді, студенттер омбудсменін және жұмыссыз азаматтарды да кездестіруге болады.

Үміткерлердің жасы да әркелкі. Ең жасы 2006 жылы, ал ең үлкені 1956 жылы туған. Жастар ұйымдары мен комьюнити-орталықтарда жұмыс істейтін бірнеше азаматтың сайлауға түсуі жаңа буын өкілдерінің қалалық саясатқа қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді.

Сонымен бірге, білім беру және денсаулық сақтау мекемелері басшыларының көптеп қатысуы назар аудартады. Бұл әлеуметтік саладағы тәжірибесі бар мамандардың мәслихатқа келуге талпынысын байқатады.

### Негізгі тартыс неде?

Партиялық тізім бойынша өтетін сайлауда ұйымның танымалдығы, бағдарламасы және үгіт жүргізу мүмкіндігі маңызды. Бұл бағытта «Әділет» сан жағынан да, өкілдерінің қызметтік және қоғамдық тәжірибесі жағынан да басым көрінеді. Қалған партияларға сайлаушыға түсінікті балама ұсынып, өз ерекшелігін көрсету қажет.

Ал бірмандатты округтерде партияның атауынан гөрі үміткердің жеке беделі, аудан тұрғындарына таныстығы және жергілікті мәселелерді білуі шешуші рөл атқаруы мүмкін. Алматы сайлаушысын ең алдымен қоғамдық көлік, тұрғын үй құрылысы, аулаларды абаттандыру, инженерлік желілер, экология, мектеп пен емхана тапшылығы сияқты күнделікті мәселелер толғандырады. Сондықтан жалпы саяси ұраннан гөрі, нақты ауданға арналған ұсыныстың салмағы басым болады.

Тіркелген үміткерлердің саны Алматыда таңдау бар екенін көрсетеді. Алайда, сайлаудың шынайы бәсекелі өтуі тек үміткерлер санына байланысты емес. Оның деңгейі партиялар мен үміткерлердің қаланың өзекті мәселелеріне нақты шешім ұсынуынан және сайлаушының дауысын алу үшін қаншалықты белсенді күрес жүргізетінінен көрінеді.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**
*Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

# Алматыда аймақ бірлігі дәріптелді

***Әлемде саяси ахуал өзгеріп, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа жаңа талаптар қойылып жатқан тұста Орталық Азия елдерінің бірлесе әрекет етуі маңызды. Өңірдегі тұрақтылықты сақтау, ортақ мүдделерді қорғау және халықаралық аренадағы ықпалды арттыру жолдары Алматыда өткен халықаралық конференцияда кеңінен талқыланды.***




«Нархоз» университетінде ұйымдастырылған MIND FOR PEACE-«One Region. Shared Future» конференциясына шетелдік дипломаттар, халықаралық ұйымдардың өкілдері, ғалымдар, сарапшылар мен студенттер қатысты. Бір күнге созылған басқосуда Орталық Азияның бүгінгі жағдайы ғана емес, алдағы даму бағыты да сөз болды.

Жиынның ашылуында «Нархоз» университетінің президенті Қанат Қожахмет жоғары оқу орындарының қоғам алдындағы жауапкершілігіне тоқталды. Оның айтуынша, университеттер жастарға білім берумен ғана шектелмей, елдер арасындағы байланысты нығайтуға да үлес қоса алады.

*–Орталық Азияны халықаралық үдерістердің жай ғана нысаны емес, жаһандық күн тәртібін қалыптастыруға қатысатын дербес әрі белсенді өңір ретінде қарастыру маңызды,* – деді ол.

Университет басшысы халықаралық академиялық байланысты дамыту бағытындағы бастамаларды да атап өтті. Соның бірі – БҰҰ-ның Academic Impact бағдарламасы аясындағы 16-мақсат бойынша атқарылып жатқан жұмыс. Бұл бағыт бейбітшілік, әділдік және тиімді институттарды дамыту мәселелерін қамтиды. Сондай-ақ, BirliNk C5+ платформасы арқылы Орталық Азия жоғары оқу орындары мен шетелдік серіктестердің басын қосу көзделген.

Конференция барысында халықаралық сарапшылардың қатысуымен арнайы пікірталас өтті. Онда әлемдік басқару жүйесінің өзгеруі, Орталық Азияның халықаралық саясаттағы орны және мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық мәселелері қозғалды.

Пікірталасқа БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннанның алғашқы қызметкерлерінің бірі болған Сэм Доуз қатысты. Ол көпжақты дипломатия саласындағы тәжірибесімен бөлісті. Ал Tokyo International University профессоры, Global Governance Institute жанындағы жасанды интеллектті басқару бағдарламасының жетекшісі Кристофер Ламонт технологиялық өзгерістердің халықаралық қатынастарға ықпалы жөніндегі мәселелерді ортаға салды. Түстен кейін қатысушылар үш бағыт бойынша жұмыс істеді. Алғашқы талқылауда Орталық Азия мемлекеттерінің C5+ форматындағы байланысы, көлік дәліздері, цифрлық мүмкіндіктер және халықаралық серіктестік мәселелері қаралды. Сондай-ақ, өңір елдерінің Еуропалық одақпен, Қытаймен және Үндістанмен қарым-қатынасы сөз болды.

Екінші бағытта білім мен ғылымның елдер арасындағы байланысты жақындатудағы рөліне назар аударылды. Ал жастарға арналған бөлімде студенттер мен жас зерттеушілер өз ойларын ортаға салды. Олар жастар дипломатиясы, түрлі мәдениет өкілдері арасындағы түсіністік және жаңа буынның өңірлік мәселелерді шешуге қатысуы жөнінде пікір алмасты.

Шараның осы бөлігінде BirliNk C5+ бастамасы аясында құрылған International Students Sustainability Club клубының ашылу рәсімі де өтті. Бұл ұйым әр елден келген студенттердің өзара тәжірибе алмасуына және тұрақты даму мәселелеріне қатысты жобаларға қатысуына жол ашпақ.

Бүгінде Орталық Азия үшін өзара сенім мен тату көршіліктің мәні артып келеді. Өңір мемлекеттерінің көлік, экономика, білім және технология салаларындағы байланысы нығайған сайын ортақ мүмкіндіктер де көбейе түседі. Алматыда өткен конференцияда көтерілген мәселелердің түпкі мәні де – елдерді жақындастырып, келешекке ортақ көзқарас қалыптастыру.

**Аяжан СЕРІККЫЗЫ.**
*(Сурет: ұйымдастырушылардан).*

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# ДАМУДЫҢ ТЫҢ БАҒДАРЫ

## Қоғам өкілдері Президент Жолдауын талқылады

***Достық үйінде «Президент Жолдауы: мемлекеттік және қоғамдық дамудың жаңа бағдарлары» тақырыбында сарапшылық дөңгелек үстел өтті. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 28 қазандағы Жолдауында белгіленген міндеттер талқыланып, олардың ел экономикасына, әлеуметтік салаға және өңірлердің дамуына ықпалы сараланды.***



Іс-шараны Алматы қаласы әкімдігінің Қоғамдық даму орталығы мен «Философия, саясаттану және дінтану институты» бірлесіп ұйымдастырды.

Басқосуда сөз сөйлеген Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығының директоры Айдар Есенбеков Жолдаудың ел дамуының алдағы кезеңіне арналған негізгі міндеттерді айқындайтынын атап өтті. Оның айтуынша, құжатта экономикалық әлеуетті арттырумен қатар, азаматтардың өмір сапасын жақсарту, инфрақұрылымды дамыту және мемлекеттік басқару тиімділігін күшейту мәселелеріне басымдық берілген.

Сондай-ақ, ол кәсіпкерлікті қолдау, цифрлық технологияларды енгізу және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту бағыттарының маңызын атап өтті. Жаңа Конституция негізінде саяси жүйені дамыту, мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыру және заң үстемдігін қамтамасыз ету мәселелері де Жолдаудағы маңызды бағыттардың қатарында екенін жеткізді.

Дөңгелек үстелде сарапшылар инфрақұрылымды жаңғырту мәселесіне де кеңінен тоқталды. Жолдауда еліміз бойынша әлеуметтік, көлік және инженерлік нысандар салу жоспарланған. Алғашқы кезеңде ауруханалар, перинаталдық орталықтар, жедел жәрдем станциялары мен балаларды оңалту орталықтарын қоса алғанда, шамамен, 70 денсаулық сақтау нысанын салу көзделген. 2029 жылдың соңына дейінгі инфрақұрылымдық жоспарды жүзеге асыруға Ұлттық қордан шамамен, 6,5 трлн. теңге бағыттау жоспарланып отыр.

Жиын соңында қатысушылар кәсіби мамандар даярлау, әлеуметтік саясатты жетілдіру және Жолдауда белгіленген бастамаларды жүйелі жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Сарапшылар пікірін түйіндеген ортақ мәселе – жарияланған жоспарлардың халық күнделікті өмірінде сезілетін нақты нәтижелерге айналуы.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**
**Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.**

САРАПШЫЛАР АЛАҢЫ

# ЖАҢА КӨКЖИЕК




***Алматы сарапшылары Президент Жолдауын іске асырудың нәтижесі қазақстандықтардың күнделікті өмірінен көрініс табуы тиіс дейді. Бұл – жолдың сапасы, білім беру мен медициналық қызметтің қолжетімділігі, халық табысының өсуі, азаматтардың құқығын қорғау мен заманауи технологияларды енгізу. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте осы мәселелер талқыланды.***

Абай атындағы ҚазҰПУ гуманитарлық ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы Талғат Жанысбай маңызды бағыттардың бірі ретінде инженерлік желілерді жаңғыртуды, жол, мектеп пен медициналық мекеме салуды көздейтін «Халықтық құрылыс» жалпыұлттық бағдарламасын атады.

*«Халық реформалардың нәтижесін тек салынған нысандардың санымен ғана емес, табыстың өсуі, сапалы жолдар, қолжетімді медицина мен білім беру, сондай-ақ ертеңгі күнге деген сенімділік арқылы сезінуі керек. Жолдаудың жүзеге асырылу тиімділігі дәл осы көрсеткіштер бойынша бағаланатын болады»*, – деді Талғат Жанысбай.

Ал Қазақстанның Халық дипломатиясы орталығының вице-президенті, Қазақстан Азаматтық альянсы президентінің кеңесшісі Виталий Колточник экономикалық өзгерістердің әлеуметтік қырына назар аударды. Оның айтуынша, елдің одан әрі дамуы мемлекеттік қолдауды әділ бөлумен және азаматтардың өз бетінше табыс табу мүмкіндігін кеңейтумен қатар жүруі тиіс.

Колточник тағы бір маңызды бағыт ретінде «Таза Қазақстан» бастамасын атады. Оның пікірінше, бұл бастама экологиялық бағдарлама ғана болып қалмай, қоғамдық сананы өзгертуге негіз болуы тиіс.

*«Нағыз тазалық ой-санадан басталады. Егер адамдардың санасында, басқару кабинеттерінде ескі әдет сақталса, озық технологиялық экономиканы құру мүмкін емес. Жаңа кезеңде «Таза Қазақстан» мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық саласын ауқымды түрде жаңартуды білдіреді»*, – деді Виталий Колточник.

Азаматтардың құқығын қорғау мен заңнаманы жетілдіру мәселесіне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің аға оқытушысы Қанат Әлихан да тоқталды. Оның пікірінше, цифрлық экономика мен кәсіпкерлікті дамыту құқықтық тетіктерді жаңартуды талап етеді. Бұл ретте Азаматтық кодексті жетілдіруге, меншік құқығын қорғауға, шарттық міндеттеменің орындалуы мен онлайн мәміле жасар кезде азаматтардың құқығын қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажет.

*«Құқықтық реформаның басты нәтижесі – адамның өз құқығын іс жүзінде қорғай алуы, мемлекеттік шешімге қатысты әділ бағаға қол жеткізуі және анықталған заңбұзушылықтың жойылуын талап ете алуы»*, – деді Қанат Әлихан.

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, саяси ғылымдар докторы Жомарт Сімтіков Жолдауды іске асырудағы саяси институттар мен азаматтық қоғамның рөліне тоқталды. Оның айтуынша, мемлекеттік бастамаларды жүзеге асыру Парламенттің, Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдардың үйлесімді жұмысын талап етеді. Сонымен қатар, азаматтардың қатысуы қабылданған шешімді талқылаумен ғана шектелмеуі керек. Адамдардың өз бастамасын ұсынып, мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесін бағалауына жағдай жасау қажет. Профессор бұл үдерістерде жастарға ерекше рөл жүктелетінін айтты.

*«Жастар өздерін қоғамдық өзгерістердің сырттай бақылаушысы емес, белсенді қатысушысы ретінде сезінуі керек. Жас буын мемлекеттік бастамалармен танысып қана қоймай, өз шешімдерін ұсынып, қоғамдық жобаларға және маңызды мәселелерді талқылауға қатыса алатындай жағдай жасау қажет»*, – деді Жомарт Сімтіков.

Жас ұрпақ тақырыбын жалғастырған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Алуа Ибраева ел болашағындағы білім беру мен тәрбиенің ерекше рөлін атап өтті. Білім беру саласына жасанды интеллектіні енгізу мәселесіне де ерекше назар аударды.

*«Жасанды интеллект оқытушының көмекшісіне, ғылымды, білім беруді және жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту құралына айналуы тиіс. Дегенмен, ешбір технология педагогтің оқушымен тікелей қарым-қатынасын, оның беделі мен тәрбиелік ықпалын алмастыра алмайды»*, – деді Алуа Ибраева.

Профессор сондай-ақ, «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру құқықтық мәдениетті отбасында, мектепте және университетте тәрбиелеуден басталатынын айтты.

Талқылауды қорытындылай келе, сарапшылар Жолдаудың табысты жүзеге асырылуы мемлекеттік шешімдер мен бөлінген қаржыға ғана емес, басқару сапасына, мемлекеттік институттардың ашықтығы мен қоғамның белсенді қатысуына да байланысты деген ортақ пікірге келді.

**Нұржамал ӘЛІШ.**

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



**Нұрдәулет АҚЫШ,**
**жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:**

## Құрылысқа қарқын қосты

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Жолдауының өзіндік ерекшеліктері туралы әлеуметтік желілерде көп пікір айтылып жатыр. Мен де ондағы оң бағалардың басым бөлігіне қосыламын.

Әсіресе, Мемлекет басшысының келесі жылды Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жариялауына назар аударғым келеді. Өйткені, құрылыс саласы – экономиканың өсуіне ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі.

Осы ретте Алматы қаласының байырғы тұрғыны ретінде қала әкімі Дархан Сатыбалдының қызметіне кіріскеннен кейін қолға алған жұмыстарын атап өткім келеді. Әсіресе, көшелерді жөндеу, ескі ғимараттардың қасбеттерін жаңарту жұмыстары қарқын алып келеді. Мұның өзі қалаға жаңа рең беріп, келбетін өзгертуге ықпал етеді. Қаланы аралап жүргенде мұндай жұмыстардың тек орталықта ғана емес, шеткі аудандарда да қолға алынғанын байқаймын. Атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына да көңіл толады. Бұл – қала тұрғындары үшін маңызды өзгерістер.

Жалпы, Алматыдағы құрылыс пен абаттандыру жұмыстары Мемлекет басшысы Жолдауында көтерген міндеттермен үндесіп жатыр.

Жолдауда көтерілген өзге де бастамалар алдағы уақытта нақты істермен жалғасын тауып, еліміздің дамуына тың серпін береді деп сенемін.




# ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ МЕГАПОЛИС

## Шаһарда 170 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр

***Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру, тұрмыс сапасын жақсарту мемлекет үшін қашан да басты бағыт болып қала береді. Алматы да шағын және орта бизнесті дамыту бойынша көшбасшы мәртебесін сақтап келеді.***

Алматы – шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту көрсеткіштері бойынша еліміздегі жетекші өңірлердің бірі. Сонымен қатар, сауда саласын дамыту және бизнесті қолдау шараларын іске асыру бағытында да бірінші орында тұр. Қазір қалада жалпы құны 2,7 трлн. теңгеден асатын 170 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл ауқымды жобаларды толық іске асыру аясында қалада 32 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашу көзделген.

Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы өкілдерінің хабарлауынша, биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,69 трлн. теңгені құрады. Тартылған қаржының басым бөлігі жылжымайтын мүлік операцияларына, көлік және қоймалау инфрақұрылымына, сондай-ақ ақпарат пен байланыс саласын дамытуға бағытталған. Бұл ретте қаланың өңдеу өнеркәсібі мен машина жасау секторлары ерекше серпін алып, өндіріс өсімі 22%-дан асып түсті, мұның өзі мегаполистің өндірістік әлеуетінің қарқынды артқанын айғақтайды.

Мегаполисті дамытудың басты бағыттарының бірі ретінде Almaty Innovation & Financial Zone (AIFZ) арнайы экономикалық аймағын өркендету жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Қазіргі таңда аталған аймақ аумағында 2,3 мыңға жуық жұмыс орнын ашуды көздейтін 31 жоба жүзеге асырылуда. 2026 жылы осы экономикалық аймақта алты жобаны пайдалануға беру жоспарланған.

Атап айтқанда, аймақтың атауы Almaty Innovation & Financial Zone болып ресми түрде өзгертіліп, оның жұмыс істеу мерзімі 2049 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды. Сондай-ақ, Алматы Индустриялық аймағында да өңдеу өнеркәсібі мен жоғары технологиялық өндірісті дамытуға арналған жаңа нысандар қатары көбейіп келеді.

Қала экономикасының дамуына сауда саласы да қомақты үлес қосып келеді. Алматы республика бойынша сауда саласында да көш бастап тұр. Елде жалпы сауда көлемінің 34%-ын қамтамасыз етеді. 2026 жылдың алғашқы алты айында сауда айналымы 12,3 трлн. теңгеге жетіп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 5,3%-ға артты.

Бұдан бөлек, шаһарда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау тетіктері қарқынды жүзеге асырылуда. Биыл осы мақсатқа жалпы есеппен 41,2 млрд. теңге қарастырылған. Оның 26 млрд. теңгесі жергілікті бюджет есебінен бөлінсе, 15,2 млрд. теңгесі республикалық бюджеттен бағытталды. Бұл бөлінген қаржы 452 бизнес-жобаны тікелей қолдауға мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, кәсіпкерлікті қолдау мен өндірістік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бұл жобалар Алматының инвестициялық тартымдылығын күшейтіп, экономиканың тұрақты өсуіне жол ашады.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

САЛЫҚ САЯСАТЫ

# Аванстық төлем тәртібі өзгерді

***2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда корпоративтік табыс салығын (КТС) есептеу және аванстық төлемдерді төлеу тәртібі өзгерді. Енді бірінші тоқсанға арналған аванстық төлемді салық төлеуші емес, мемлекеттік кірістер органдары есептейді. Сонымен қатар, аванстық төлем төлеуге міндеттейтін жылдық табыс шегі ұлғайды.***



Жаңа талаптарды Алматыдағы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Мемлекеттік кірістер департаментінің Әуезов ауданы бойынша басқармасы басшысының орынбасары Бек Қалиақбар түсіндірді.

Бұған дейін кәсіпкерлер бірінші тоқсанға арналған аванстық төлемді өздері есептейтін. Енді қаңтар, ақпан және наурыз айларындағы төлем мөлшері алдыңғы салық кезеңінде есептелген аванстық төлемнің жалпы сомасының 1/12 бөлігі негізінде анықталады. Бұл тәртіп өткен жылы аванстық төлем төлеген ұйымдарға қолданылады.

Тағы бір маңызды өзгеріс – аванстық төлем төлеуге міндеттейтін жылдық табыс шегінің көтерілуі. Бұрын ол 325 мың АЕК болса, 2026 жылдан бастап 600 мың АЕК-ке дейін ұлғайды. Осыған байланысты табысы белгіленген шектен аспайтын кейбір ұйымдар аванстық төлем төлеу міндетінен босатылады. Алайда, бұл корпоративтік табыс салығынан толық босату дегенді білдірмейді.

Бірінші тоқсаннан кейінгі аванстық төлемдерді заңды тұлғалар өздері есептейді. Жалпы тәртіп бойынша ай сайынғы төлем алдыңғы салық кезеңінде есептелген КТС сомасының 1/12 бөлігіне тең. Аванстық төлем есебі 20 сәуірге дейін ұсынылады; екінші, үшінші және төртінші тоқсандардағы төлемдер әр айдың 25-інен кешіктірілмей аударылады; қажет болған жағдайда салық төлеуші аванстық төлем мөлшерін түзете алады. Қосымша есеп 31 желтоқсанға дейін ұсынылады.

### Кімдер төлемейді?

Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес, жиынтық жылдық табысы 600 мың АЕК шегінен аспайтын кейбір ұйымдар, жаңадан құрылған заңды тұлғалар, жекелеген коммерциялық емес ұйымдар және «Астана Хаб» қатысушылары аванстық төлемнен босатылады. Дегенмен, жеңілдікті қолдану ұйымның санаты мен заңда көрсетілген талаптарға байланысты.

Биылдан бастап әлеуметтік сала ұйымдары үшін де корпоративтік табыс салығының тәртібі өзгерді. Бұрын белгілі бір талаптарға сай ұйымдар әлеуметтік қызметтен түскен кірістер бойынша КТС төлеуден босатылатын. Енді жаңа Салық кодексінің 330-бабында көзделген ерекшеліктерді қоспағанда, оларға 2026 жылы – 5%, 2027 жылдан бастап – 10% мөлшерлемелер белгіленді.

**Дана САДЫРҚАН.**

БРИФИНГ

# Сапа стандарттан басталады

***Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында тұтынушыларды қорғаудағы стандарттау мен метрологияның рөлі талқыланған брифинг өтті.***



Оған Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «ҚазСтандарт» РМК Алматы қаласы мен Алматы облысындағы бөлімшесінің өкілі Нағима Пірманбетова қатысты.

Стандарттау өнімге, өндірістік процес пен қызметке қойылатын бірыңғай талапты белгілейді. Ол тауардың құрамы мен қауіпсіздігінен бастап, қаптау, таңбалау, сақтау ережесі мен сынақ жүргізуге дейінгі жұмысты қамтиды. Белгіленген талапты сақтау өнімнің мәлімделген сипаттамаға сәйкестігін бағалауға, сондай-ақ өндірушілер, сатушылар мен тұтынушылар арасындағы сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, сапасы мен қауіпсіздігі азаматтардың денсаулығы мен күнделікті өміріне тікелей әсер ететін азық-түлік өнімін, дәрілік заттарды, тұрмыстық техника мен басқа да тауарды сатып алу кезінде ерекше маңызды.

Брифингте метрологияға, яғни өлшемдер туралы ғылымға да назар аударылды. Бұл күнделікті өмірде керек нәрсе. Мәселен, азық-түлікті салмағына қарай сатып алу, көлікке жанармай құю, коммуналдық қызметті төлеу, медициналық зерттеу мен зертханалық сынақ жүргізу кезінде метрологияның рөлі зор.

*«Стандарт талапты белгілейді, өлшеу сәйкестікті тексеруге сеп болады, сынақ өнімнің сипаттамасын растайды. Осының барлығы сапаны қамтамасыз етіп, тұтынушыны қорғау жүйесін қалыптастырады»,* – деді Нағима Пірманбетова.

Нарықтағы барлық адам сапаға жауапты. Өндірушілер қауіпсіз өнім шығаруға, сатушылар тұтынушыларға шынайы ақпарат беруге, сынақ зертханалары нәтиженің объективтілігін қамтамасыз етуге, ал уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде бақылау жүргізуге міндетті. Брифингте осы тақырып та кеңінен айтылды.

Сайып келгенде, стандарттау мен метрологияны дамыту сапа мәдениетін қалыптастыруға, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, тұтынушылардың сенімін нығайтуға ықпал ететіні ерекше атап өтілді.

Бұл жұмыстардың басты мақсаты – белгіленген талаптың сақталуын, өлшеу нәтижесінің сенімділігі мен азаматтар күнделікті пайдаланатын тауарлар мен қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**Нұржамал ӘЛІШ.**

# Алматы цифрлық әлемнің орталығына айналады

***Орталық Азиядағы жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласындағы ең ірі оқиға – GITEX AI Kazakhstan форумын Алматы қаласы екінші рет қабылдайды. Бұл туралы форум дайындығына арналған жабық іс-шарада белгілі болды.***



Екінші GITEX AI Kazakhstan форумын келесі жылы 7-8 маусым күндері өткізу жоспарланып отыр. Жылдың басты цифрлық оқиғасы мемлекеттік органдардың өкілдерін, технологиялық компанияларды, ЖИ, бұлтты және деректер-инфрақұрылымдар саласындағы көшбасшыларды, финтех-инноваторларды және өңірдің ең перспективалы стартаптарын біріктірмек.

– *Алматыға қайта келгенімізге қуаныштымыз. Қазақстан жасанды интеллект саласында айтарлықтай жетістіктерге жетіп, әлемдік қауымдастықтың назарын аударып отыр. Биыл форумға 80-нен астам елден инвесторлар мен сарапшылар қатысты. Ал алдағы жылы өтетін іс-шарада инновациялық жобаларды кеңінен таныстырып, халықаралық серіктестікті нығайтуға басымдық береміз,* – деді GITEX universe компаниясының технологиялық және цифрлық даму жөніндегі вице-президенті Билал Әл-Раис.

Ал Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің жетекшісі Дарина Мамыроваңың айтуынша, GITEX AI сынды халықаралық форумның алаңы ретінде Алматының қайта таңдалуы – мегаполистің инновациялар шоғырланған өңірдің негізгі іскерлік және инновациялық орталығы ретіндегі орнын айқындайды.

– *GITEX AI Kazakhstan – IT мамандарын, кәсіпкерлер мен стартап өкілдерін бір арнаға тоғыстыратын маңызды алаң. Мұнда жасанды интеллект саласындағы тың жобалар талқыланып, озық технологияларды қолданысқа енгізуге басымдық беріледі. Биыл мамырда өткен алғашқы форумға әлемнің әр түкпірінен қатысушылар жиналды. Ал 2027 жылдың маусымында өтетін кезекті форум тәжірибе алмасуға жол ашады,* – деді ол.

Еске салайық, 2026 жылдың мамыр айында елімізде алғаш рет GITEX AI Kazakhstan халықаралық форумы ұйымдастырылды. Оған арнайы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев келіп, халықаралық технологиялық көрмесін аралап көрген болатын. Мұнда Президент Алматы қаласының IT экожүйесімен және білім беру, маман даярлау, балалар қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіп пен жолкөлік қозғалысын бақылау секілді цифрлық шешімдермен танысты. Жалпы, бұл форум елдің жасанды интеллектті дамытуға, цифрлық трансформацияға және жаһандық технологиялық экожүйеге интеграциялануға бағытталған жүйелі курсын көрсетті. Іс-шара инновациялар үшін қолайлы орта қалыптастыруға, инвестициялар тартуға және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыру құралына айналды.

**Досбол АТАЖАН.**
*Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.*




# «Аэропорт көлі» көркейе түседі

***Түрксіб ауданының әкімі Дамир Әкежанов, «Алматыгенплан» және «Алматыинвест» өкілдері Желтоқсан саябағында жергілікті тұрғындармен кездесті. Онда «Аэропорт көлі» атанып кеткен қоғамдық кеңістікті қайта жаңғырту және абаттандыру жоспарлары таныстырылды.***

Кездесу барысында «Алматыгенплан» компаниясының бас операциялық директоры Амангелді Саттаров көрнекі фотоматериалдар арқылы тұрғындарға жоспарланған жұмыстарды түсіндірді. Оның айтуынша, негізгі мақсат – көл жағалауын абаттандырып, инвесторларды тарту арқылы жергілікті тұрғындар мен туристерге тартымды демалыс орнын қалыптастыру. Жоба аясында Бұқтырма көшесінен бастап заманауи талаптарға сай инфрақұрылым салу көзделген.



– Аэропорт көлі маңын бас жоспардан қарағанда абаттандыруды қажет ететін табиғи жер бедерін көруге болады. Мұнда жаяу жүргіншілерге арналған қолайлы өткелдер жоқ, жарықтандыру жүйесі жеткіліксіз. Бұқтырма көшесінде автотұрақ, сондай-ақ, өрт сөндіру депосын салу мүмкіндігі қарастырылып отыр. Алматыға келетін қонақтардың шаһармен таныстығы осы тұстан басталады. Сондықтан алғашқы көріністердің әдемі болғаны абзал. Бұл аумақты қаланың «қақпасы» деп атауға болады.

*Алдағы уақытта мұнда демалысқа, отбасылық және жастардың бос уақытын өткізуге, іскерлік кездесулер мен келіссөздерге қолайлы жағдай жасалады. Әртүрлі іс-шараларды өткізуге қажетті инфрақұрылым қалыптастырылады. Нәтижесінде тұрғындар демалу және уақытын қызықты өткізу үшін қаланың басқа бөліктеріне баруға мұқтаж болмайды,* – деді Амангелді Саттаров.

Жоба жүзеге асқан жағдайда көл жағалауы тұрғындар мен қала қонақтары үшін жайлы қоғамдық кеңістікке айналып, ауданның туристік тартымдылығын арттыра түседі.

**Нұрлан СҮЙІН.**
*Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.*

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

# Қауіпсіздік – басты назарда

***Алматыда жылыту маусымына байланысты өрттің алдын алу жұмысы күшейтілді. Қалада 151 мыңнан астам жеке тұрғын үй бақылауға алынып, әлеуметтік осал отбасылардың баспанасына ерекше көңіл бөлініп отыр. Сонымен қатар, тұрғындарға газ жабдығына қызмет көрсететін ұйымды өз бетінше таңдауға құқылы екені ескертілді.***

Мамандардың айтуынша, қауіпсіздік талаптарын сақтау ғана емес, күмәнді қызмет көрсетушілердің әрекетінен де сақ болу маңызды. Алматыда жылыту маусымы 10 қазанда басталды. Осыған орай Төтенше жағдайлар департаменті өрт қаупін азайтуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар жоспарын әзірледі. Қазір есепте 151 мыңнан астам жеке тұрғын үй тұр. Оның ішінде қатты отынмен жылытылатын пеші бар 1450 үй мен қаңқалы-қамысты үлгідегі 5605 ескі баспана ерекше бақылауға алынған.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Константин Канин профилактикалық жұмыстың негізгі мақсаты тұрғындарға қауіпсіздік ережелерін түсіндірумен шектелмейтінін айтты. *«Профилактикалық жұмыстың басты мақсаты – тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережесін ескерту ғана емес, келер қауіп-қатерді дер кезінде анықтап, оларды жоюға көмектесіп, оқыс оқиғаның алдын алу. Сондықтан біз мекенжай бойынша аралау жұмысын жүргізіп, түсіндіру және оқыту іс-шараларын ұйымдастырамыз. Бұл ретте қосымша қолдауды қажет ететін халықтың әлеуметтік санатына ерекше көңіл бөлінеді»,* – деді К.Канин.

Халық арасында түсіндіру және үгіт-насихат жұмыстары 15 тамыздан басталған. Әлеуметтік осал отбасылар тұратын 2694 үй мен қоғамға жат өмір салтын ұстанатын азаматтар тұратын 4 мыңнан астам баспана профилактикалық шаралармен қамтылған. «Қауіпсіз пеш», «Таза мұржа» және «Көмек қолы» акциялары аясында мамандар тұрғын үйлерді аралап, қауіпсіздік талаптарын түсіндіріп, қажетті кеңестер берген.

Бұдан бөлек, 2018 жылдан бері қалалық және аудандық әкімдіктердің қолдауымен жеке тұрғын үйлерге 2694 газ иісін анықтайтын датчик орнатылған. Мұндай құрылғылар қауіпті газдың концентрациясын дер кезінде байқап, тұрғындарды улану қатерінен сақтауға мүмкіндік береді.

Ал 15 қыркүйектен бері қалада өрт қауіпсіздігі айлығы да өтіп жатыр. Оның аясында ТЖД қызметкерлері жеке сектор мен көпқабатты тұрғын үйлерді аралап, тұрғындармен кездеседі, жадынама мен ақпараттық буклеттер таратады. Профилактикалық жұмыста цифрлық технологиялар да қолданылады. QR-код арқылы тұрғындар Telegram-ботқа өтіп, өрт қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратпен таныса алады.

**Дана САДЫРҚАН.**

БІЗДІҢ СҰХБАТ

# АЛМАТЫНЫҢ АЖАРЫ:

## Өткенге – құрмет, болашаққа – бағдар

***Бүгінде Алматының келбеті жаңарып, қоғамдық орындар абаттандырылып, жаяу жүргіншілерге арналған кеңістік көбейіп келеді. Сонда да қаламыз үшін сәулет пен табиғаттың үйлесімін, тарихи мұраны сақтау және заманауи қалалық кеңістікті қалыптастыру айрықша маңызды. Тарихи ғимараттарды қорғау және цифрлық технологияларды қала құрылысына енгізу секілді мәселелер әлі де өзекті. Осы орайда суретші-мүсінші, дизайнер, фотожурналист Дәурен МАҚСҰТХАНҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік.***



### Оң өзгеріс өте көп

**– Дәурен мырза, Алматының қазіргі сәулеттік келбетін қалай бағалайсыз? Кейінгі жылдары шаһар тіршілігінен қандай көз қуантатын өзгерістерді байқадыңыз?**

– Дана, алдымен өзіңізге және Сіз арқылы өз ойымызды жеткізуге мүмкіндік берген «Almaty aqshamy» газетінің редакциясына ризашылығымды білдіремін.

Алматының сәулеттік келбетін бағалағанда, ең алдымен, оның тарихи және табиғи ерекшелігін ескеруіміз керек. Бұл – мың жылдық тарихы бар, сәулеттік мұрасы бай, өзіндік мәдени ортасы қалыптасқан, Алатаумен астасып жатқан ерекше қала. Сондықтан Алматының сәулеті тек жаңа ғимараттар салумен немесе биік нысандар тұрғызумен өлшенбеуі тиіс.

Кейінгі жылдары қалада қоғамдық кеңістіктерді жаңғыртуға, көшелерді абаттандыруға көңіл бөліне бастағанын байқаймыз. Мәселен, Пушкин және Масанчи көшелерінің бір бөлігін жаяу жүргіншілер гүлзарына айналдыру, Республика алаңын жаңарту, саябақтар мен демалыс орындарын көркейту жұмыстарын айтпай кетуге болмас. Бұл ретте Алматы қаласының әкімі Дархан Амангелдіұлының еңбегі мен қалаға деген шын жанашырлығы ерекше сезіле бастады. Дегенмен, қаланың дамуында шешімін күткен мәселелер де аз емес. Алатау, Наурызбай, Жетісу сынды кейбір аудандарда құрылыс тығыздығының артуы, тарихи ғимараттардың заманауи нысандар арасында көзден таса қалуы, әлі де болса жасыл желектердің жеткіліксіздігі алаңдатады.

**– Қаланың тарихи сәулеті мен заманауи архитектурасын үйлестіру бағытындағы мүмкіндіктерді атай аласыз ба?**

– Алматының өзіндік сәулеттік болмысын қалыптастыратын бірнеше негізгі ерекшелік бар. Алғашқысы – Іле Алатауының бөктерінде орналасуы мен табиғи ландшафты, екіншісі – қаланың тарихи сәулеттік мұрасы, үшіншісі – мәдениеті, этникалық және шығармашылық ортасының алуандығы. Қаланың сәулеттік келбетін айтқанда, қазіргі Алматы музейі мен ҚазҚайтажаңғыртудың ғимараттары, Вознесенск кафедралды соборы, Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының ғимараты, Абай атындағы Ұлттық опера және балет театры, бұрынғы және қазіргі қоғамдық ғимараттарымыздың сәулеттік ерекшеліктерін атап өтуге болады. Бұдан бөлек, «Қазақстан» қонақ үйі, «Медеу» мұз айдыны, «Шымбұлақ» тау шаңғы кешендерін жеке-жеке атап айтуға болады. Бұлар – қаланың тарихи жадын қалыптастыратын сәулет нысандары.

Тарихи және заманауи сәулетті үйлестіру үшін, ең алдымен, жаңа ғимараттардың айналасындағы қалыптасқан сәулеттік ортаға құрметпен қарау қажет. Бұл міндетті түрде ескі сәулет үлгілерін қайталау деген ой болмауы керек. Керісінше, шаһардың заманауи сәулеті өзінің уақытын, технологиясын және көркемдік тілін көрсете отырып, тарихи ортамен үйлесім табуы тиіс. Менің ойымша, тарихи ғимараттарды қалпына келтірумен қатар, олардың цифрлық паспортын жасап, үшөлшемді моделін қалыптастыру қажет. Бұл бағытта фотограмметрия, лазерлік сканерлеу және BIM технологияларын қолдануға болады. Естуімше, бұл технологиялар қалада қазір қолданыла бастады.



Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

### Халыққа жайлы жағдай

**– Қоғамдық кеңістіктерді тұрғындарға қолайлы ету үшін қандай дизайн шешімдері маңызды?**

– Қоғамдық кеңістіктерді жобалауда инклюзивті дизайн қағидаларын басшылыққа алу қажет. Бұл – әртүрлі жастағы, физикалық мүмкіндігі мен әлеуметтік қажеттілігі әртүрлі адамдардың бір кеңістікті тең дәрежеде пайдалана алуы. Бұған біздің қоғам енді көз үйрете бастағанымен әлемнің біршама елінде, әсіресе, өзім көзіммен көрген АҚШ, Түркия, Мажарстан сияқты елдерде баяғыда қалыптасқан. Мысалы, балалар үшін қауіпсіз ойын алаңдары, жастар үшін спорт және шығармашылықпен айналысуға арналған ашық кеңістіктер, қарт адамдар үшін көлеңкелі демалыс орындары мен ыңғайлы орындықтар қажет.

Қала халқының өсуі қоғамдық кеңістіктерді жоспарлауға да жаңа талаптар қоюы қалыпты жағдай деп түсіну керек. Меніңше, ең алдымен, қоғамдық кеңістіктерді тек орталық аудандарда емес, қаланың барлық бөлігінде тең дәрежеде дамыту қажет. Қала шетіндегі жаңа тұрғын үй кешендері мен шағынаудандарда мектеп, балабақша, емхана, спорт алаңы, саябақ және мәдени демалыс орындары, көлік тұрақтары тұрғын үймен қатар жоспарланып салынуы керек.

Екіншіден, жаңа тұрғындарға қаланың қоғамдық өміріне араласуға мүмкіндік беретін ашық мәдени кеңістіктер қажет. Үшіншіден, қоғамдық кеңістіктер көлік инфрақұрылымымен тығыз байланыста дамуы керек. Адам үйінен аялдамаға, аялдамадан жұмыс орнына немесе демалыс аймағына тез, қауіпсіз әрі ыңғайлы жете алуы тиіс. Тағы бір маңызды мәселе – тұрғындардың пікірін ескеру. Қоғамдық кеңістіктерді жобалау кезінде жергілікті тұрғындармен кездесулер, сауалнамалар, қоғамдық талқылаулар өткізу қалыпты үрдіске айналуы қажет.

**– Алматының қай көшелері, қоғамдық кеңістіктері немесе сәулеттік жобалары қалалық дизайн тұрғысынан өзге өңірлерге үлгі бола алады?**

– Үлгі болатын кеңістіктер бар. Мысалы, Арбат, Панфилов көшесінің жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, Республика алаңы және Көктөбе аумағын атауға болады. Бұл орындардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, Панфилов көшесі қалалық орта мен мәдени демалысты ұштастырса, кезінде Желтоқсан көтерілісі өткен, 1996 жылы 16 желтоқсанда ашылған «Тәуелсіздік» монументтік кешені орналасқан Республика алаңы – тарихи жады мен табиғи ортаны біріктіреді. Ал Көктөбе – қаланың қоғамдық және сәулеттік маңызы жоғары кеңістіктерінің бірі.

Алайда, өзге өңірлерге Алматының сәулеттік үлгісін сол күйінде көшіру дұрыс емес. Мысалы, Семей, Қарағанды, Өскемен, Қызылжар мен Керекуді бірдей дизайн-кодпен безендіруге болмайды. Себебі, әрбір шаһардың өзіндік тарихы мен ерекшелігі бар. Түркістанның қалалық дизайны тарихи-мәдени мұра мен ұлттық сәулет дәстүріне негізделсе, Шымкенттің қоғамдық кеңістіктерінде оңтүстік өңірдің климаттық ерекшелігі ескерілуі қажет. Ал Тараз қаласында көне сәулет ескерткіштері мен тарихи ортаның сабақтастығына басымдық берген жөн. Сондықтан Алматы басқа қалаларға дайын архитектуралық пішін емес, қаланы кешенді жоспарлау, жаяу жүргіншілерге жағдай жасау, қоғамдық кеңістіктерді дамыту және тарихи мұраны сақтау тәжірибесімен үлгі бола алады.

### Сәулет болашағы

**– Қалалық дизайн саласында цифрлық технологиялар мен инновациялық шешімдерді қалай тиімді қолдана аламыз?**

– Бұл – менің ғылыми зерттеу бағытыма да тікелей қатысты мәселе. Қазіргі кезде цифрлық технологиялар сәулет пен қалалық дизайнның мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті. Менің ойымша, Алматыда бұл бағытты бірнеше деңгейде дамытуға болады. Бірінші бағыт – қаланың цифрлық моделін қалыптастыру. GIS, BIM, фотограмметрия және LiDAR технологиялары арқылы ғимараттардың, көшелердің, инженерлік желілер мен қоғамдық кеңістіктердің үшөлшемді деректер қорын жасауға мүмкіндік бар. Мұндай жүйе қала құрылысы шешімдерін қабылдауда, тарихи нысандардың жағдайын бақылауда және реконструкция жұмыстарында тиімді қолданылады.

Екінші бағыт – жасанды интеллект пен Big Data технологияларын пайдалану. Үшінші бағыт – кеңейтілген және виртуалды шындық технологиялары. AR және VR арқылы Алматының тарихи ғимараттарының бұрынғы келбетін көрсетуге, жоғалған сәулет нысандарын виртуалды түрде қайта жаңғыртуға және туристік бағыттарды жаңа форматта таныстыруға болады. Төртінші бағыт – цифрлық егіз (Digital Twin) технологиясын енгізу. Бұл қаланың нақты жағдайына сәйкес келетін виртуалды моделін қалыптастырып, өзгерістерді алдын ала модельдеуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте біздің қала басшылығына Халықаралық білім беру корпорациясы (КазГАСА) мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әлеуетін пайдалануды ұсынар едім. Мықты заманауи сәулетшілер мен қала құрылысы дизайнерлерін КазГАСА-дан алсақ, ҚазҰУ-да орналасқан суперкомпьютерді осы жобаларға қосып, үлкен жобаны бірлесіп атқарып шығуға болады деп ойлаймын.

**– Шаһардың сәулеттік және визуалды келбетін жақсарту үшін қандай үш бағытқа басымдық берер едіңіз?**

– Ең алдымен, тарихи сәулеттік мұраны сақтау және қалпына келтіруді атар едім. Алматының тарихи ғимараттары мен сәулеттік ансамбльдерін қорғау, оларды заманауи қоғамдық өмірге бейімдеу қажет. Екінші – қаланың бірыңғай визуалды және эстетикалық ортасын қалыптастыру. Ғимарат қасбеттері, маңдайшалар, жарнамалар, көше жиһаздары, жарықтандыру және навигация жүйелері бір-бірімен үйлесуі керек. Үшінші – адамға және табиғатқа бағдарланған қалалық орта қалыптастыру. Қоғамдық кеңістіктерді көбейту, жасыл желектерді сақтау, өзен жағалауларын абаттандыру, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге жағдай жасау, инклюзивті инфрақұрылымды дамыту қажет. Қала тұрғындарының денсаулығы мен жайлылығы кез келген сәулеттік жобаның негізгі өлшеміне айналуы тиіс.

Тағы бір маңызды бағыт ретінде жылжымалы көп сатылы заманауи көлік тұрағын да қосар едім. Мобильді, көлік қоюға орын қарастырмай салынған тұрғын үйлердің жанына орналастыруға болады. Қазір кептелісі көп Алматыдай шаһарға ең керектің бірі осы деп айтар едім. Меніңше, Алматының болашақтағы басты сәулеттік ұстанымы – заманауи технология мен ұлттық мәдениетті, тарихи мұра мен табиғи ортаны, ең бастысы, адам мен қаланы өзара үйлестіру болуы керек. Қала тұрғындары өз қаласын мақтан тұтып қана қоймай, оның дамуына ортақ жауапкершілікпен қарауы қажет деп білемін.

**– Әңгімеңізге көп рахмет!**



**Сұхбаттасқан Дана САДЫРҚАН.**

СОТ САРАПТАМАСЫ

***«Көз көргенге, құлақ естігенге» сенбейтін дәуір туды. Жасанды интеллект келіп, кез келген адамның дауысын айнытпай салып беретін заманда сот жүйесі аудиоайғақтарға қалай сенім артады? Фоноскопист-сарапшылар немен айналысады?***



# ДЫБЫС ДЕТЕКТИВІ

## Фоноскопистер туралы білесіз бе?

### Дауыстың «саусақ бедері»

Фоноскопия – қарапайым тілмен айтқанда, аудио мен бейнежазбаларды, ондағы дауыс пен дыбысты зерттейтін сала. Ал осы жазбалардың астарына үңіліп, сырын ашатын мамандарды «дыбыс детективтері» деуге болады. Әр адамның саусақ бедері қандай қайталанбас болса, көмейден шыққан дауысы да сондай бірегей. Фоноскопист-сарапшылар жасырын немесе шулы жазылған аудиодағы дауыстың кімдікі екенін дәл анықтайды. Қалтада немесе сыбдыр мен шудан анық естілмей қалған сапасыз аудиоларды арнайы фильтрмен тазартады. Сөйтіп, сотта немесе тергеуде аудиожазбаның шын немесе жалған екенін фоноскопист-сарапшылар дәлелдеп береді.

Алматыда аудиожазбалардың шынайылығын, дауыс иесін және дыбыстық материалдарды зерттейтін Сот сараптамалары институты жұмыс істейді.



Көпшілікке бейтаныс мамандық туралы білу үшін Республикалық сот сарапшылары палатасының мүшесі, сот сарапшысы Аида Тукенованың жұмысымен таныстық.

Сот сараптамасы саласындағы кәсіби жолы басталғанына 20 жылдан асқан фоноскопист Аида Бейбітқызы қазақ филологиясы факультетінде білім алған. Кейіпкерімізді сол кезден тілдің дыбыстық жүйесі, айтылу ерекшеліктері, адамның сөйлеу дағдылары қызықтырып, осы ізденіс тіл білімінің қолданбалы бағыттарының бірі – сот сараптамасы саласына алып келеді.

«Сот бейнефонографиялық сараптамасы – *адамның дауысы мен сөйлеу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеп, іс үшін маңызды ақпаратты анықтауға мүмкіндік беретін қызықты әрі күрделі сала. Бұл сала фонетика, акустика, лингвистика, психофизиология және заманауи цифрлық технологиялармен тығыз байланысты»*, – деді ол.

Фоноскопиялық сараптаманы аудио немесе бейнежазбадағы адамның дауысын анықтаумен ғана байланыстырып жатамыз. Алайда, бұл – сарапшылар жұмысының бір бағыты ғана. Шын мәнінде, сот бейнефонографиялық сараптамасы бірнеше зерттеу міндетін қамтиды.

### Ғылыми әдістеме

Сарапшының сөзінше, әсіресе, айтқан сөзі анық емес, дыбыс сапасы төмен жазбаларды зерттеу күрделі көрінеді.

*«Мұндай жағдайларда алдымен арнайы бағдарламалардың көмегімен шу мен кедергілерді азайту және сөйлеу сигналын айқындау жұмыстары жүргізіледі. Одан кейін жазба бірнеше рет тыңдалып, сөйлеушілердің сөздері мен репликалары анықталады. Бұл ретте дыбысты өңдеу барысында бастапқы сөйлеу ақпаратының бұрмаланбауына ерекше назар аударамыз»*, – деп түсіндірді маман.

Кез келген аудиожазбаны сараптамалық зерттеу белгілі бір ғылыми-әдістемелік кезеңдер бойынша жүзеге асырылады. Фоноскопистер сараптамаға ұсынылған материалдармен танысып, олардың зерттеуге жарамдылығы, аудиожазбаның ұзақтығы, сапасы, дыбыстық сипаттамалары және салыстырмалы үлгілерді бағалайды. Одан кейін жазба тыңдалып, қажет болған жағдайда репликалары ажыратылып, сөзбе-сөз мәтіндік нұсқасы жасалады.

Елдің сот жүйесінде бейнефонографиялық сараптама маңызды орын алады. Телефон, мессенджер және басқа да байланыс құралдары арқылы жазылған аудио не бейнежазбалар тергеу және сот тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Фоноскопистер көбіне сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, қорқыту және ұйымдасқан қылмыстық әрекеттерге қатысты істер бойынша тағайындалады. Кейде азаматтық істерде де қолданылуы мүмкін.

*«Сараптама барысында жазбадағы әңгімеде кімдер екені, қандай ақпарат айтылғаны, дауыстың нақты тұлғаға тиесілі екендігі және жазбаның техникалық өзгеріске ұшыраған-ұшырамағаны зерттеледі. Міндетіміз – адамның кінәлі немесе кінәсіз екенін анықтау емес, арнайы ғылыми білімге сүйеніп, тергеу мен сотқа іс үшін маңызды мән-жайларды анықтауға көмектесу»*, – деді сот сарапшысы.

### «Кейде құбылып тұрады»

Бүгінде аудио немесе бейнежазбалардың басым бөлігі цифрлық форматта жасалады. Сондықтан цифрлық жазбаларға қатысты «түпнұсқа» ұғымының өзіндік ерекшелігі бар. Өйткені, цифрлық файлды, мысалы, телефоннан компьютерге көшірген кезде оған ешқандай өзгеріс енгізілмесе, оның мазмұны мен техникалық сипаттамалары бастапқы күйінде сақталады. Яғни файлдың сақталу орны өзгергенімен, оның өзі өзгеріссіз қалады.

*«Сол себепті, сараптама барысында ең алдымен жазбаның тұтастығы, яғни оның мазмұнына өзгерістер енгізілген-енгізілмегені зерттеледі. Арнайы бағдарламалардың көмегімен дыбыстық сигналдың құрылымы, спектрлік сипаттамалары мен фондық шу ерекшеліктері талданады. Адамның дауысы өзгеруі мүмкін. Мысалы, денсаулығы, эмоционалдық күйі, жасына қарай құбылып тұрады. Ал жазба сапасы дауыс сипаттамаларына әсер етеді»*, – дейді кейіпкеріміз.

Әрине, кез келген ғылыми зерттеу сияқты, сот бейнефонографиялық сараптамасында да қате кетуі әбден мүмкін. Фоноскопист-сарапшыларға шулы немесе қысқа жазбаларда нақты тұжырым жасау қиынға соғады.

Жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы сот бейнефонографиялық сараптамасына жаңа міндеттер қойып отыр. Қазіргі технологиялар адамның дауысын, сөйлеу мәнерін және интонациясын дәлме-дәл ұқсата алады.

*«Сондықтан акустикалық және лингвистикалық ерекшеліктеріне назар аударамыз. Дыбыстардың айтылуы, олардың бір-біріне ауысуы, интонациясы, сөйлеу ырғағы, тыныс алу белгілері және форманттық сипаттамалары зерттеледі. Өйткені, әрбір аудиожазбаның артында адам тағдырына әсер ететін жағдайлар тұрады. Қысқасы, фоноскопия – үлкен жауапкершілік пен кәсіби адалдықты талап ететін мамандық»*, – деді Аида Бейбітқызы.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**
*(Сурет: ЖИ).*

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

# «Сіз жалғыз емессіз!»

***2026** жылғы 5-6 қараша күндері Алматы қаласы Алатау ауданының аумағында «Біз жаныңыздамыз – бізден сұраңыз!» республикалық акциясы өтіп жатыр.*

Акция аясында Алатау ауданы Полиция басқармасының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлері отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға дер кезінде көмек көрсетуге бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Іс-шараның басты мақсаты – әрбір азаматқа қандай да бір қиындыққа тап болған жағдайда жалғыз қалмайтынын және әрдайым көмекке жүгіне алатынын жеткізу.

Егер сіз отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болсаңыз, физикалық немесе психологиялық қысым көрсеңіз, осындай жағдайлардың куәгері болсаңыз немесе зорлық-зомбылықтың алдын алу және өзіңіз бен жақындарыңызды қорғау жолдарын білгіңіз келсе, бейжай қалмай, дер кезінде көмекке жүгініңіз.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін төмендегідей байланыс арналары қарастырылған:

**** 102 – полицияның жедел байланыс нөмірі;***

**** 111 – отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы;***

**** QR-кодтар – ақпараттық ресурстар мен байланыс арналарына жылдам өту үшін;***

**** Әлеуметтік желілер: Threads, Instagram, Facebook және басқа да ресми интернет-платформалар.***

**Құрметті**
**Алатау ауданының тұрғындары!**

Өз мәселеңіз туралы айтуға және көмек сұрауға қорықпаңыз. Егер сіз зорлық-зомбылықтың құрбаны болсаңыз немесе осындай жағдайларға куә болсаңыз, бұл туралы тиісті органдарға хабарлаңыз. Уақытылы жасалған өтініш қайғылы жағдайдың алдын алып, адамның өмірі мен денсаулығын сақтап қалуы мүмкін. Есіңізде болсын, зорлық-зомбылықты ақтауға да, жасыруға да болмайды. Біз жаныңыздамыз – бізден сұраңыз, біз көмектесеміз!

**Еділхан БАЙҒАРАЕВ,**
**Алатау ауданы Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі.**



# ТҰРАННЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

## Алматыда Ш.Уәлиханов мұрасына арналған форум өтті

***Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығына орай «Шоқан Уәлиханов феномені: Ұлы даланың зияткерлік мұрасы жаһандық контексте» тақырыбында II Халықаралық Shoqan Forum өтті. Ғылыми жиынға отандық және шетелдік зерттеушілер, әр сала өкілдері қатысып, қазақтың көрнекті ғалымының ғылыми мұрасын заманауи көзқараспен зерделеу мәселелерін талқылады.***



Шоқан Уәлиханов – қазақ ғылымының қалыптасу тарихында ғана емес, әлемдік шығыстану мен Орталық Азияны зерттеу саласында да өзіндік із қалдырған тұлға. Биыл Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының құрылғанына 80 жыл толып отыр. Осы мерейтой аясында ұйымдастырылған форум Шоқан мұрасын ұлттық ғылым тарихымен сабақтастыра қарастыруға, оның еңбектерінің халықаралық ғылыми кеңістіктегі орнын айқындауға мүмкіндік берді.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жиынға арнайы құттықтау хатын жолдаған. Министрдің хатында бүгінгі ғылым-технологияның қарқынды дамуы ғылыми ізденістерге жаңа мүмкіндіктер ашқанын, осындай кезеңде Шоқан еңбектеріне тән ғылыми дәлдік, сыни ойлау, жаңашылдық пен ашықтық қағидаттары ерекше маңызға ие екені баса айтылған.

Форумға қатысушылар Шоқан еңбектерін зерттеу ісінде халықаралық ғылыми ынтымақтастықты күшейту қажеттігін баса белгіледі. Халықаралық түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова Шоқанның еңбектерін тұтас түркі әлеміне ортақ рухани әрі ғылыми құндылық ретінде бағалады.

– Түркі әлемінің сан ғасырлық тарихында Шоқан Уәлихановтың орны айрықша. Ол адамзат танымының көкжиегін кеңейтіп, бабаларымыздың бай тарихи-мәдени мұрасын әлемдік ғылым кеңістігіне танытқан теңдессіз еңбектер қалдырды. Ол тұтас түркі жұртының ортақ рухани қазынасын, мәдени сабақтастығы мен бірегейлігін терең зерделеді. Әсіресе, қырғыз халқының ұлы рухани мұрасы – «Манас» эпосын ғылыми тұрғыдан зерттеп, хатқа түсіруі ортақ мәдени мұрамызды сақтауға қосқан өлшеусіз үлесінің жарқын дәлелі, – деді Ақтоты Райымқұлова.

Форум аясында ғылымға қызығушылық танытқан жас буын өкілдері де өз жұмыстарын таныстырды. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 2-курс студенті Дінислам Мұхтар Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасын жасанды интеллект көмегімен бейнеролик арқылы насихаттаған.

– Шоқан Уәлихановтың өмір жолы мен тарихи мұрасын көрерменге бейнеролик арқылы жеткізгім келді. Осы жұмысқа бір апта бойы дайындалып, ғалымның өмірін, зерттеушілік қырын көрсетуге тырыстым. Байқау талабына сәйкес, видеоның ұзақтығы 1–3 минут аралығында болуы керек еді. Жұмысымды «Ғалым деген кім?» деп атадым, – деді ол.

Айта кетейік, Shoqan Forum – Шоқан Уәлихановтың мұрасын зерттеуге арналған жыл сайынғы халықаралық ғылыми алаң. Биылғы форумның ерекшелігі – академиялық зерттеулерді тарихи тұлғаны заманауи медиа құралдары арқылы таныту бастамаларымен ұштастыруында.

Ғылыми бағдарламада архивтік құжаттар, қолжазбалар, хат алмасулар, далалық жазбалар мен картографиялық материалдар негізінде ғалымның өмірбаянын нақтылау, экспедициялық бағыттарын қалпына келтіру және ғылыми байланыстарын зерделеу мәселелері қамтылды. Сондай-ақ, Шоқан еңбектерінің Орталық Азия туралы білімнің дамуына қосқан үлесі мен оларды қазіргі ғылым тұрғысынан қайта қарастыру мүмкіндіктері талқыланды.

Форумға британдық зерттеуші әрі заманауи саяхатшы Ник Филдинг, Сауд Арабиясы, Әзербайжан, Қырғызстан және Өзбекстан өкілдері де қатысты. Журналист Майя Бекбаева «Шоқан» атты жаңа деректі фильмі туралы баяндама жасап, тарихи тұлғаның өмірі мен мұрасын экран арқылы танытудың мүмкіндіктерін ортаға салды.

Жиын Жетісу облысы, Кербұлақ ауданының Шанханай ауылындағы Шоқан Уәлиханов мемориалдық кешенінде жалғаспақ.

**Дана САДЫРҚАН.**
*Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.*





# ҮЙГЕ ОРАЛУ

***Бүгін, Наталия Сац атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Мемлекеттік академиялық орыс театры ауқымды реконструкциядан кейін, өзін сағынған, өздері сағынған көрерменімен қайта қауышады. Бұл жаңалықты өнер ордасының әртістері «үйге оралдық» деп қуана қабылдап жатыр.***




Иә, жаңғырған театр кешені өз тарихының жаңа тарауын сән-салтанатпен ашады. Бүгін, яғни 6 қарашада «Етік киген мысық» («Кот в сапогах») музыкалық ертегісін, 7 қарашада «Шекспирге деген құштарлық» («Страсти по Шекспиру») комедиясын, ал 8 қарашада «САЦ. Үйге оралу» («САЦ. Возвращение домой») гала-концертін ұсынады. Бұл туралы БАҚ өкілдеріне ұйымдастырылған баспасөз турында мәлім болды.

– Алматының тарихи орындарының бірі саналатын іргелі театрды қайта жаңғырту жұмыстары кезінде біз оның байырғы келбетін жоғалтпауға тырыстық. Мәдениет ошағының 14,6 мың шаршы метрден асатын қолданыстағы ғимаратының сәулеттік келбеті мен кіреберістегі мозаикалық панноларсекілді композициялық элементтерінің түпнұсқасы сақталып, өзге де интерьер бөлшектері қалпына келтірілді. Сондай-ақ, инженерлік желілер, дыбыс-жарық және техникалық сахналық жабдықтар толықтай жаңартылды. Театр сахнасы ең заманауи театр жобаларына арналған озық технологиялармен жабдықталды, – деді журналистерге берген сұхбатында Н.Сац атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының директоры Анна Вальеревна.

Ауқымды жөндеу жұмыстары нәтижесінде театрдың қолданыстағы аумағы 9 мың шаршы метрден 25 мың шаршы метрге дейін ұлғайған. Тарихи ғимараттың төбесіне ілінген бұрынғы үлкен аспалы шамдарының өзі сақталған. Осы ретте театрдың маркетинг және сату бөлімі басшысының орынбасары Диас Адамбеков қызық бір дерек айтты.



– Қазір табанымыздың астында жатқан еден жабынына зер салып көрсеңіздер. Реконструкция барысында ғимараттың Дінмұхамед Қонаевтың қолы қойылған бастапқы сызбалары табылған. Сол құжаттарда еденге төселетін өрнектің үлгісі бекітілген екен. Алайда, ол кезде бұл жоба бізге беймәлім себептермен жүзеге аспай қалған көрінеді. Ал реконструкция кезінде сол уақыттағы сәулетшілердің бастапқы идеясын іске асыру туралы шешім қабылданып, міне, еденіміз сол өрнектермен әрленген, – деді Диас Адамбеков.

Тағы бір жаңалық, тарихи ғимараттың жанынан аумағы 10,5 мың шаршы метрден асатын жаңа корпус, яғни арт-кешен бой көтерді. Онда Қазақстан мен Ресейдің еңбек сіңірген қайраткері, 1986–2005 жылдары театрды басқарған аңыз режиссер Борис Преображенский атындағы камералық сахна орналасқан. Black Box форматында жасалған 260 орындық камералық сахна-трансформер спектакльдің тақырыбына, ой-мақсатына қарай икемделіп, сахна мен көрермен орындарын өзгертуге мүмкіндік береді.

– Жаңа корпуста спектакльдерге дайындық пен әртістердің кәсіби жұмысына қажетті жағдай жасайтын үлкен және екі шағын репетиция залы, сондай-ақ балет сыныбы жабдықталды. Фойесінде ең жас көрермендердің театр өнерінен алған ең алғашқы әсем әсерлерін бөлісе алатын Baby Hall – baby-театр залы орналастырылды. Көркем шығармалар оқуға және мәдени-рухани кездесулерге арналған тағы бір жаңа кеңістік – Book Hall да дайын тұр, – дейді театрдың көркемдік жетекшісі Татьяна Карамышева.

Сондай-ақ, арт-кешенде «Sats ComUnity» балалар театр студиясының оқу театры мен көркемдік-өндірістік шеберханалар қарастырылған. Бұл кеңістіктер театрдың мүмкіндіктерін кеңейтіп, тек спектакль қою үшін ғана емес, сонымен қатар жастарға шығармашылық, білім алу және рухани қарым-қатынас жасау үшін қолайлы жағдай туғызады.

Негізі, театр кешенінің құрамына енген осынау заманауи жаңа арт-ғимаратты салу қажеттілігі кездейсоқ туындаған жоқ. Н.Сац театры бастапқыда Мәдениет үйі болып бой көтергендіктен, онда сахна және көрермен залы болғанымен, театр жұмысына ауадай қажетті инфрақұрылым қарастырылмаған. Бұған дейін театрда шығармашылық және өндірістік жұмыстарды толыққанды ұйымдастыру үшін орын жеткіліксіз еді. Мәселен, спектакльге дайындық жұмыстары, декорация жасау және басқа да өндірістік үдерістер қай бөлме бос болса, сонда атқарыла беретін. Тіпті, суретшілердің көрермен жоқ оңтайлы уақытты күтіп, спектакль декорацияларын фойеде дайындайтын кездер де артта қалды. Енді жаңа ғимаратта барлық өндіріске қажетті жұмыстардың жеке цехы болады.

Иә, толықтай жаңарған, жаңғырған, классика мен модернді үйлестірген театр тек спектакльдер алаңы ретінде ғана емес, сонымен бірге шығармашылық экспериментерге, жаңа идеялар мен мәдени жобаларға арналған креативті кеңістік – заманауи арт-орталық ретінде де дамуды көздеп отыр.

**Нұржамал ӘЛІШ.**
Сурет: Қайрат *ҚОНЫСБАЕВ.*



# «ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗ ЖІБЕГІ»

## Меруерт Өтекешова – 75 жаста

***Қазақ киносының тарихында өшпес із қалдырған Қыз Жібек бейнесі арада қанша жыл өтсе де, көрермен жадынан өшкен емес. Сол образ арқылы тұтас бір ұрпақтың жүрегінен орын алған Қазақстанның халық артисі Меруерт Өтекешова 75 жасқа толды. Осыған орай Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Қазақтың Қыз Жібегі» атты мерейтойлық шығармашылық кеш өтті.***

Бұл кешке жиналған жұрттың қарасы қалың болды. Театр залы көрерменге лық толып, тіпті барлық қонаққа орын жетпей қалды. Бұл – бір ғана актрисаның мерейтойына деген қызығушылық емес, халықтың өнер иесіне деген ерекше ықыласының көрінісі еді.

Кеш шымылдығы мерейтой иесінің өмірі мен шығармашылық жолынан сыр шертетін бейнероликтермен ашылды. Экраннан актрисаның әр жылдардағы өнер жолы, сахнадағы сәттері мен көрермен жүрегінде сақталған бейнелері көрсетілді. Әсіресе, «Қыз Жібек» фильмінен үзінділер ұсынылған кезде залдағы жұрттың назары экранға ауды. Көрермендер үшін бұл өткен күндерге қайта оралғандай әсер қалдырды.

Салтанатты кеш барысында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының мерейтой иесіне арналған құттықтау хаты оқылды. Құттықтауда актрисаның қазақ театр және кино өнеріне сіңірген еңбегі, ұлттық мәдениетті дамытуға қосқан үлесі атап өтілді.

Кеште сөз алған Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Бейсенбайұлы «Қыз Жібек» фильмінің ұлттық мәдениеттегі орнына тоқталды. Оның айтуынша, арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, туындының көркемдік мәні тереңдеп, Жібек бейнесі қазақ қыздарының символына айналған.

– «Қыз Жібек» фильмі тек бір ғана кейіпкердің бейнесімен шектелмейді. Онда сұлулықпен қатар ақылдылық, көркемдік, биязылық пен тәрбие ұғымдары кеңінен көрініс тапқан. Бұл – кейінгі ұрпаққа өнеге болатын үлкен мектеп. Қала әкімі Меруерт Өтекешованың мерейтойын жоғары деңгейде өткізу жөнінде арнайы тапсырма беріп, осы мақсатқа қаражат бөліп тапсырған болатын, – деді Арман Бейсенбайұлы.

Мерейтойлық кештің әсерлі тұстарының бірі – Меруерт Өтекешованың шәкірттері мен ізбасарларының өнер көрсетуі болды. Олар ұстаздарына арнап ән айтып, би билеп, өнерлерін ортаға салды. Сахна төріндегі әрбір қойылым актрисаға деген құрметтің белгісіндей сезілді. Шәкірттерінің өнерін тамашалаған Меруерт Өтекешова бір сәт көзіне жас алып, толқынысын жасыра алмады.

– Бүгін – мен үшін үлкен мереке. Осы киелі сахнада шәкірттерім әнмен де, бимен де құттықтап жатыр. Өнер жолым «Қыз Жібек» фильміне түсуімнен басталды. Біздің ең сүйікті Бекежанымыз Асанәлі ағамыз да, Төлегеніміз де алыс жолға аттанып кетті, – деді актриса толқып.

Оның бұл сөздері залдағы көрерменге ерекше әсер етті. Бір кездері экранда бірге өнер көрсеткен әріптестерін еске алуы кештің көңілге мұң ұялатқан сәттерінің біріне айналды.

Меруерт Өтекешованың есімі көпшілікке ең алдымен «Қыз Жібек» көркем фильміндегі Жібек бейнесі арқылы таныс. Алайда, оның шығармашылық жолы бір ғана рөлмен шектелмейді. Театр сахнасында да, кино әлемінде де талай кейіпкердің жан дүниесін ашып, көрерменге түрлі тағдырды сезіндіре білді. Өнерге деген адалдығы мен кәсіби шеберлігі оны қазақ мәдениетінің көрнекті тұлғаларының біріне айналдырды.

75 жылдық мерейтойға арналған шығармашылық кеш актрисаның өнердегі жолына берілген баға ғана емес, қазақ сахнасы мен киносына еңбегі сіңген тұлғаларға деген құрметтің жарқын көрінісі болды. Қыз Жібектің көркем бейнесін сомдаған актрисаға деген халық ықыласы театр залындағы ыстық қошеметтен анық байқалды.

**Аяжан СЕРІККЫЗЫ.**
*Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

**САХНА СЫРЫ**

# ЖӘМИЛАНЫҢ МАХАББАТЫ

***Асанәлі Әшімов театры көрерменіне әйгілі Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» шығармасының желісімен қойылған осы аттас спектаклін ұсынды. Режиссері – Саламат Кемел.***



Жас режиссердің айтуынша, бұл – жүрекке бағыну мен қоғамның талабына мойынсұну арасындағы күрес. Бұл – айтуға қорқатын сезімдер туралы спектакль.

Қойылымда Айтматов шығармасына тән махаббат, адалдық, еркіндік, адам таңдауы мен ішкі сезім тақырыптары сахналық тіл арқылы жаңаша интерпретацияланады.

Айтматовтың «Жәмила» повесі ертеректе жарық көрді. Шығармада II Дүниежүзілік соғыс кезіндегі қырғыз ауылының тыныс-тіршілігі суреттеледі. Оқиға желісі қарапайым болғанымен, мазмұны күрделі. Жәмила – майданға кеткен Садықтың әйелі. Ауылдағы ауыр еңбекке жегіліп жүрген жас келіндердің бірі. Бір күні ол соғыстан жараланып келген Данияр мен жақын араласа бастайды. Екеуінің арасындағы үнсіз сезім бірте-бірте тереңдей түседі. Әрине, олардың махаббатын сырт көзбен қалыптасқан қоғамдық тәртіпке, дәстүрге қайшылық деп бағалауға болады. Өйткені, Жәмила – біреудің некелі жары. Бірақ шығарма оқырманы мен көрерменін басқа бір сауалға жетелейді. Адамның өміріндегі ең басты құндылық не: қоғамның үкімі ме, әлде жүректің шындығы ма? Жәмила – осы сұрақтың ортасында тұратын кейіпкер.

Жас режиссер Саламат Кемелдің айтуынша, музыкалық драма жанрындағы бұл қойылым ұлттық менталитет пен заман талабының тоғысындағы жеке адамның таңдауы мен махаббат мүддесін терең ашуға ұмтылады. Шығарма арқылы қоғамдық пікір мен тұлғаның дербестігі арасындағы тартысты көрсетіп, салт-дәстүрдің адам тағдырына ықпалын көрерменмен бірге таразылағысы келеді. Яғни спектакльдің өзегінде Жәмиланың жан дүниесіндегі тартыс жатыр. Режиссер үшін жүрегіне сезім ұялаған келіншектің хикаясын ғана емес, махаббат арқылы өзін танып, болмысын ашқан адамның бейнесін көрсету маңызды болған.

– Маған Жәмиланың өз сезімі алдындағы батылдығы ұнады. Мен оны өзінің бақыты үшін күресті деп айта алмаймын, ол өзімен күресті. Осынау өмірде адамның ең мықты қарсыласы – өзі ғой. Бірақ оның осы батылдығын бүгінгі XXI ғасырда толық жеткізе аламын ба, алмаймын ба деген іштей қорқыныш болғанын да жасырмаймын. Қалай десек те, қоғам оның қадамын «көзге шөп салу» деп қабылдайды ғой. Дегенмен де, өзі бір-ақ рет берілетін, қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырын өзі үшін, өзінің сезіміне арнаған Жәмиланың батылдығына, еркіндігіне тәнті болдым. Сондықтан оны сезімі, арманы, қалауы бар дербес тұлға ретінде көрсетуге тырыстық, – дейді Саламат Кемел.

Жәмила қалаған Данияр – сөзге сараң жігіт. Сезімін дабыраға салмайды. Бірақ оның жан дүниесі ән арқылы ашылады. Жәмила Данияр дың ішкі әлемінен өзі аңсаған рухани тереңдікті табады.

«Жәмила» спектаклінің ең терең философиялық тұстарының бірі – оқиғаның Сейіттің көзімен баяндалуы. Сейіт – Жәмиланың қайнысы, бозбала. Ол жеңгесі мен Данияр дың арасындағы сезімнің куәсі болып, екеуінің бір-біріне деген шынайы сүйіспеншілігін риясыз түсінеді. Сондықтан оның таңдауына сырттай үкім шығаруға асықпайды. Ең маңыздысы – Сейіттің өзі де осы махаббат оқиғасының әсерінен рухани өзгереді, өседі.

«Сахнадағы Жәмиланызды жеңілтек етіп көрсетіп алудан қорыққан жоқсыз ба?» деген сауалымызға:

– Бұл рөлді театрымыздың белді актрисаларының бірі – Балнұр Әбдіғалиева өте таза алып шықты. Өзі де таза адам. Ұстазымыз Асанәлі Әшімов жиі айтып отырушы еді, «Тек жақсы адамнан ғана жақсы рөл шығады» деп. Егер байқасаңыз, сахнадағы Жәмила-Балнұрдың қимылынан да, сөзінен де «көзге шөп салу» деген ұғымды байқамайсыз. Ол қалыптасқан түсініктер мен жеке таңдау арасындағы тартысты терең, әрі нәзік көрсете білді, – дейді Саламат Кемел.

Спектакльдің көркемдік шешімі мен актерлік ойыны көрерменді шығарма кейіпкерлерінің ішкі әлеміне үңілуге, олардың сезімі мен таңдауы туралы ойлануға жетелейді. Көрерменге Айтматов әлеміне жаңа қырынан үңілуге мүмкіндік береді.

**Нұржамал ӘЛІШ.**
*Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.*

ТҰЛҒАТАНУ



# Әйгілі ғалымның мұрасы

***Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер мемориалдық музей-үйінде академик, әйгілі ғалым Әлкей Марғұланның «Таңдамалы шығармалары» кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, ғылым мен мәдениет саласының мамандары, ғалымның ұрпақтары және оқырмандар қатысты.***

Жиында Әлкей Марғұланның қазақ ғылымы мен мәдениетіне қосқан үлесі сөз болып, оның өмірі мен еңбегіне қатысты естеліктер айтылды. Кітаптың тұсаукесерінің дәл осы музей-үйде өтуінің өзіндік мәні бар. Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланның өмір жолдары мен ғылыми байланысы қазақ ғылымы мен мәдениетінің тарихында айрықша орын алады. Бір дәуірде өмір сүріп, елдің рухани мұрасын зерттеуге ден қойған қос тұлғаның еңбектері бүгінгі ұрпақ үшін де құнды.

Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов басқосудың қазақ ғылымы мен мәдениеті үшін маңызын атап өтті.

– Бұл шаңырақтың Әлекең үшін де орны ерекше болған. Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан өмір бойы бірге болған. Бұл кісілер Алаш жөнінде де, сол заманның тарихы туралы да көп білді. Алайда, кейбір мәселелерді ашық айтып, жазып қалдыруға мүмкіндік болмады. Сондықтан бұл кітаптың қалың оқырманға жетуі өте маңызды, – деді Кенжехан Матыжанов.

Жиын барысында өзге де қонақтар сөз алып, Әлкей Марғұланның өмір жолы, ғылыми ізденістері мен адамдық болмысы туралы естеліктерімен бөлісті. Қатысушылар ғалымның қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеудегі еңбегіне тоқталып, оның мұрасы кейінгі ұрпақ үшін маңызын жоғалтпайтынын атап өтті.

Іс-шараның маңызды сәттерінің бірі – кітаптың тұсаукесер рәсімі болды. Академик Әлкей Марғұланның қызы Дәнел Әлкейқызы мен шөбересі де басқосуға арнайы қатысты. Ғалымның ұрпақтарының қатысуымен кітаптың тұсаукесер лентасы қиылды. Бұл рәсім көрнекті ғалымның еңбегіне көрсетілген құрметті білдіріп, оның ғылыми мұрасын ұлықтауға арналды.

Тұсаукесерде айтылған естеліктер мен пікірлер Әлкей Марғұлан мұрасының бүгінгі қоғам үшін де маңызын көрсетті. Ғалымның еңбектерін зерделеу – өткенді танудың ғана емес, ұлттық құндылықтарды бағалап, рухани сабақтастықты сақтаудың да маңызды бөлігі.

**Аяжан СЕРІККЫЗЫ.**

ОҚЫРМАН ҚАЛА

# Кітапқұмарлар марапатталды

***Мемлекет басшысы айқындаған басымдықтардың қатарында білім беру сапасын арттыру және жас ұрпақтың қабілетін ашуға қолайлы жағдай жасау міндеттері бар. Осы ретте Алматыда Республика күні аясында жастар арасындағы кітап оқу чемпионатының жеңімпаздары марапатталды. «Кітап оқитын ұлт» жалпыұлттық марафоны аясында ұйымдастырылған кітап оқу чемпионатына 200-ден астам адам қатысып, әлеуметтік желілерде әдеби шығармаларға арналған 100-ден астам бейнерецензия жарияланды.***




Кітапқұмарлар байқауының жеңімпаздарын марапаттау шарасы Satbayev University қабырғасында өтті. Аталмыш байқау қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен Skill All жобалық кеңсесі ұйымдастырды. Байқау шартына сай, әрбір қатысушыға төрт кітаптың бірін оқып шығу ұсынылды. Мәселен, Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі», Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я», Мари Фавероның «Алтын Орда. Дала империясы әлемді қалай өзгертті?», Арман Әлменбеттің «Тергеуші» шығармалары.

Осыдан соң қатысушылар ұзақтығы бір минуттан үш минутқа дейінгі бейнерецензия дайындауға тиіс. Жастардан шығарманың мазмұнын жай баяндау емес, оны талдау, автордың негізгі ойын түсіндіру және тұжырымын бөлісу талап етілді. Қазылар алқасы жұмыстарды бағалау кезінде шығарманың мазмұнын түсіну деңгейіне, дәлелдің негізділігіне, ой-пікірдің дербестігіне, баяндаудың қисындылығы мен анықтығына назар аударды. Бейнетүсірілім сапасы негізгі бағалау өлшемі болған жоқ.

Чемпионат қорытындысы бойынша алты жүлдегер анықталды. Салтанатты іс-шарада Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Мирас Нысанәлиев кітап оқуды насихаттау Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған міндеттердің бірі екенін жеткізді. Оның айтуынша, мұндай жобалар білімге, жауапкершілік және дербес ойлау қағидаттарына негізделген «Адал азамат» тұжырымдамасының ұстанымдарымен де үндеседі.

«Кітап оқитын ұрпақ – ойлы ұрпақ. Ал ойлы ұрпақ – ел болашағын қалыптастыратын басты күш. Қатысушылар ақпаратты жәй ғана қабылдап қоймай, оны талдай алатынын, пікір білдіріп, ұстанымын дәлелдей білетінін көрсетті. Болашақта осындай жастар Қазақстанның зияткерлік дамуының негізіне айналады», – деді Мирас Нысанәлиев.

Сонымен қатар, 769 мыңнан астам жас тұрғыны бар, 36 жоғары оқу орны жұмыс істейтін Алматыда білім беру жобаларын қолдау жастар саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да кітап оқуды насихаттауға бағытталған іс-шараларды жалғастыруды жоспарлап отыр. Олардың пікірінше, бейнерецензия форматы қатысушылардың әдеби шығармаларды қаншалықты түсінгенін бағалауға ғана емес, сонымен қатар көзқарасын көпшілік алдында білдіріп, оны дәлелдеуге мүмкіндік береді.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ



# Егіздердің ертегісі

***Қазақстандық егіз Арлан мен Аслан Айтқалиевтер Германияда өткен «Frankfurter Buchmesse–2026» атты халықаралық кітап жәрмеңкесінде өз туындыларын таныстырды. Жас қаламгерлердің «Гарольд пен ЛараБелль. Кітаптар патшалығы» атты инклюзивті ертегісі шетелдік жазушылардың, баспагерлер мен журналистердің қызығушылығын тудырды. Жәрмеңке барысында қазақстандық делегацияға Қазақстан Республикасының Франкфурт-на-Майнедегі Бас консулдығы қолдау көрсетті.***

Франкфурт-на-Майне қаласында әлемдегі ең ірі кітап жәрмеңкесі өтті. Бұл ауқымды шараға әлемнің түкпір-түкпірінен баспа саласының өкілдері, қаламгерлер мен кітапсүйер қауым жиналды. Аталмыш жәрмеңкеде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен еліміздің ұлттық стенді жұмыс істеп, ресми делегациясы құрамында 14 жастағы қаламгерлер Арлан мен Аслан Айтқалиев те болды.

Ұлттық стендте ұсынылған қазақстандық қаламгерлердің жүздеген шығармасының арасында ағайындылардың қазақ тілдерінде жарық көрген «Гарольд пен ЛараБелль. Кітаптар патшалығы» ертегісі ағылшын және неміс тілдерінде таныстырылды. Тұсаукесерге Әзербайжан, Түркия, Испания, Франция және басқа да елдерден келген баспа өкілдері, жазушылар мен қонақтар қатысты. Сондай-ақ, Франкфуртта және Германияның өзге қалаларында тұратын қазақстандықтар да жас отандастарына қолдау көрсету үшін арнайы келді.

Жас қаламгерлер кітаптың дүниеге келу тарихы, басты кейіпкерлері және шығарманың негізгі идеясы достықты, өзара түсіністікті және кітап оқудың маңызын дәріптеу туралы әңгімеледі. Қонақтар кітаптың мазмұны, аудармалары және ағайындылардың алдағы шығармашылық жоспарлары туралы көптеген сұрақтар қойды. Арлан мен Асланның шығармашылығы шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының да назарын аударды. Халықаралық журналистер жас авторлардан сұхбат алып, Қазақстандық мектеп оқушыларының әлемдік деңгейдегі ірі кітап алаңында өз туындыларын таныстырғанына қызығушылық танытты.

«Гарольд пен ЛараБелль. Кітаптар патшалығы» ертегісі халықаралық «Біздің Андерсен» әдеби байқауында жүлдегер атанды. Ағайынды Айтқалиевтер әдеби шығармашылықта елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Биыл олардың ертегісі Астанада өткен IX халықаралық Astana Eurasian Book Fair кітап көрме-жәрмеңкесінде «Балаларға арналған үздік кітап» номинациясы бойынша 1-орынды иеленіп, Италиядағы Болонья халықаралық балалар кітабы жәрмеңкесінде де таныстырылды. Сондай-ақ, Арлан мен Аслан кітаптарын Қазақстан Республикасы Президентінің кітапханасына да табыстады.

**Рая ЕСКЕНДІР.**




# 30 ЖЫЛДА – 30 МЫҢ СӘБИ

## Репродуктивті медицинаның белесі

***Қазақстанда экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКҰ) әдісімен дүниеге келген алғашқы қыз араға 30 жыл салып, Лондоннан Алматыға оралды. Юлианна Пермякова отандық репродуктивті медицинаның тарихында есімі қалған «Экомед» клиникасының негізін қалаушыларымен және өзінің өмірге келуіне себепші болған дәрігерлермен алғаш рет жүздесті. Тарихи кездесуге орай Алматыда Қазақстандағы қосалқы репродуктивті технологиялардың 30 жылдығына арналған баспасөз конференциясы өтті.***

Жиында елімізде ЭКҰ әдісінің қалыптасу кезеңдері, алғашқы тәжірибелер мен осы уақыт аралығында қол жеткізілген жетістіктер сөз болды. Басты назар репродуктивті технологиялардың дамуына ғана емес, оның арқасында көптен күткен сәбиін құшағына басқан мыңдаған отбасының қуанышына аударылды.

Тәуелсіздік жылдарындағы медицина тарихында айрықша орны бар бұл бастама 1995 жылдың 18 сәуірінде құрылған шағын зертханадан басталды. Сол кезде санаулы маманның табандылығы мен өз ісіне деген сенімінің арқасында елімізде медицинаның жаңа бағыты – репродуктивті технологиялардың негізі қаланды. Дәл осы зертханада ЭКҰ әдісімен алғашқы қазақстандық қыз өмірге өмірге келді.

*– Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығы қарсаңында түрлі сала өкілі ел дамуына қосқан үлесі мен жүріп өткен жолы туралы естеліктерін бөлісіп жатыр. Біз де отандық репродуктивті медицинаның қалыптасу тарихын көрсетіп, осы бағыттағы еңбегімізді танытқымыз келді. Маман ретінде өткен жолымызды, оңай болмаған кезеңдерді, ЭКҰ әдісінің алғашқы қадамдары мен бүгінгі жетістіктерін тағы бір мәрте баяндауды жөн көрдік. Сонымен қатар, клиникамыздың қоғам үшін маңызын көрсетуді мақсат еттік,* – дейді Салтанат Байқошқарова.

Іс-шара барысында еліміздегі ЭКҰ әдісінің қалыптасу кезеңдерін қамтитын мұрағаттық кадрлар негізінде түсірілген деректі фильм көрсетілді. Көрермен алғашқы технологияларды енгізу барысымен танысып, осы әдістің арқасында ата-ана атанған отбасылардың тағдырына үңілді.

Одан кейін «Экомед» клиникалар желісінің құрылтайшысы Батыр Бекмұсаев қонақтарға медициналық орталықтың инфрақұрылымы мен негізгі бөлімшелерін таныстырды. Қатысушылар болашақ сәбилердің өмірге келуіне негіз болатын эмбриологиялық зертхананың жұмысын да көрді.

*– Үш кабинеттен тұратын шағын зертхана отыз жыл ішінде репродуктивті медицина клиникаларының желісіне айналды. Осы уақыт аралығында еліміз үшін жүздеген білікті маман – репродуктолог даярланды. Олардың еңбегінің нәтижесінде 30 мыңға жуық баланың өмірге келуіне мүмкіндік жасалды. «Экомед» бедеулік мәселесімен бетпе-бет келген көптеген жұп үшін үміт сыйлайтын орталыққа айналды. Бүгінде бұл – әлемдік стандарттарға сай жұмыс істеп, қосалқы репродуктивті технологиялардың озық әдістерін енгізіп келе жатқан ғылыми-тәжірибелік орталық. Қазір желінің Қазақстанның 12 қаласында 14 клиникасы бар,* – деді Б.Бекмұсаев.

Баспасөз конференциясының ең әсерлі сәті – Юлианна Пермякованың көпшілікпен жүздесуі болды. Қазір Лондонда тұратын Юлианна Оксфорд университетін тәмамдап, баспа ісі саласында еңбек етеді. Ол отыз жыл бойы өзінің дүниеге келу тарихын көпшілікке жария етпей, отбасымен бірге жеке өмірін құпия ұстаған.

ЭКҰ әдісімен дүниеге келгенін Юлианна есейген шағында білген. Ал арада жылдар өткенде өзін өмірге әкелуге атсалысқан мамандармен жүздесудің сәті түсті. Оның ата-анасы Валерий мен Лариса Пермяковаға ЭКҰ әдісін 1995 жылы Алматыда эмбриолог Салтанат Байқошқарова мен акушер-гинеколог Татьяна Копылова жүргізген. Бір қызығы, жүктілік алғашқы талпыныстан-ақ сәтті аяқталған.

Юлианнаның дүниеге келуіне тікелей атсалысқан акушер-гинеколог, жоғары санатты дәрігер, гинеколог-эндокринолог, репродуктолог Татьяна Копылова сол күндерді тебіреніспен еске алды.

*– Пациентіміздің жүкті болғанын естігенде, өзім ана атанатындай қатты қуандым. Ол кезде тіпті кейбір әріптестеріміз бұл жаңалыққа бірден сене қойған жоқ. Міне, Юлианнаны өз көзімізбен көріп отырмыз. Біздің еңбегіміздің мәні де, ең үлкен бақытымыз да – осы,* – деді дәрігер.

Іс-шараға ресми тұлғалар, медициналық қауымдастық өкілдері, клиника серіктестері және ЭКҰ әдісінің көмегімен ата-ана атанған отбасылар қатысты. Олардың арасында бүгінде есейіп, өз алдына өмір жолын қалыптастырған балалар да болды.

Отыз жыл бұрын үш кабинеттен басталған шағын зертхананың бүгінгі жетістігі – тек медициналық технологияның даму көрсеткіші емес. Бұл – үмітін үзбеген отбасылардың қуанышы, ғылымға сенген мамандардың табандылығы және бір кездері мүмкін емес көрінген арманның ақиқатқа айналғанының айғағы.

**Дана САДЫРҚАН.**

# Тамырдағы тромб

***Қалалық №2 клиникалық ауруханада ми тамырындағы тромбты алып тастауға бағытталған шұғыл ота сәтті өтті.***



1957 жылы туған науқасты ауруханаға жедел жәрдем бригадасы жеткізген. Дәрігерлер оның есі тұманданғанын, денесінің сол жақ бөлігі салданғанын және көз қимылының бұзылғанын анықтаған. Тексеру барысында миды қанмен қамтамасыз ететін оң жақ ортаңғы ми артериясының М1 сегментінде тромб бары белгілі болды. Мұндай жағдайда қан айналымының бұзылуы ми тіндерін зақымдап, ауыр зардапқа әкелуі әбден мүмкін еді. Сондықтан науқасқа шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болды.

Дәрігерлер рентгенэндоваскулярлық тромбэктомия жасады. Бұл – қан тамырының ішіндегі тромбты арнайы құралдардың көмегімен алып, қан айналымын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін заманауи емдеу әдісі. Жалпы наркозбен жүргізілген ота 30 минутқа созылды.

*«Ишемиялық инсульт кезінде зақымданған қан тамырындағы қан айналымын мүмкіндігінше тез қалпына келтіру аса маңызды. Көмектің дер кезінде көрсетілуі науқастың кейінгі жағдайына тікелей әсер етеді. Бұл жағдайда диагноздың жедел қойылып, мамандардың үйлесімді жұмыс істеуінің арқасында неврологиялық бұзылысты толық жоюға мүмкіндік туды»,* – дейді нейрохирург Дархан Жетпісбаев.

***Бүгін дәрігер перипартальдық кардиомиопатия, яғни жүктілік кезінде немесе босанғаннан кейінгі бірнеше ай ішінде дамитын, сирек кездесетін, өмірге қауіп төндіретін жүрек ауруы туралы айтады.***

# Жүрек сырылына мән беріңіз

Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Консультативтік-диагностикалық орталығының кардиолог дәрігері Ботагөз Қыстауованың айтуынша, жыл сайын институтқа перипартальдық кардиомиопатия диагнозы қойылған әйелдер жүгінеді. Заманауи диагностикалау және емдеу әдістерін қолдану нәтижесінде пациенттердің жағдайы жақсарып, толық сауығуға дейінгі оң нәтижелерге қол жеткізіледі. Дегенмен, босанғаннан кейін әйелдер бірнеше жыл бойы кардиолог мамандарының бақылауында болады дейді дәрігер.

*– Көптеген медициналық-ғылыми зерттеулер жүргізілгеніне қарамастан, аурудың нақты этиологиялық факторы әлі толық анықталған жоқ. Перипартальдық кардиомиопатия жақын туыстарында да жиі кездеседі. Демек, бұл аурудың дамуына генетикалық бейімділіктің бар екенін көрсетеді,* – дейді Ботагөз Қыстауова.

ПКМП даму қаупін арттыратын факторлар: 30 жастан асқанда; анамнезінде 3 немесе одан да көп босану; көпұрықты жүктілік; жүктілік кезіндегі артериялық қан қысымының жоғарылауы; преэклампсия; мерзімінен бұрын босанудың алдын алуға арналған дәрілік препараттарды ұзақ уақыт қолдану. Ал негізгі белгілері: аз ғана физикалық жүктеме кезінде немесе тыныштықта да пайда болатын қатты ентігу; тез шаршау және әлсіздік; аяқтардың ісінуі; жүрек соғуының жиілеуі; жөтел және өкпеде сырылдардың пайда болуы.

*– Жүректің кеңейген қуыстарында қанның іркілуіне байланысты тромбтар түзілуі мүмкін. Сондықтан ПКМП бар пациенттерде кардиоэмболиялық инсульт және өкпе артериясының тромбоэмболиясы даму қаупі жоғары. Миокардтың систолалық функциясының төмендеуі плацентарлық қан айналымына да кері әсерін тигізіп, ұрықтың құрсақішілік гипоксиясына, оның өсуі мен дамуының тежелуіне әкелуі мүмкін,* – дейді маман.

Перипартальдық кардиомиопатиямен ауырған әйелдердің 30–50%-ында кейінгі жүктілік кезінде аурудың қайталануы мүмкін. Сондықтан мұндай пациенттерге контрацепцияның әртүрлі әдістерін қолдану ұсынылады.

**Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.**



# Мейірімі мол жандар

***Алматыда Қамқоршылар күніне орай Балалардың құқығын қорғау басқармасының бастамасымен «Жүрек жылуы – балаға» атты мерекелік жиын өтті. Аталмыш іс-шара қамқоршыларға құрмет көрсету, мемлекетімізде әлеуметтік мекемелерде тәрбиеленетін балалардың санын азайту, оларға мейірімділік танытуға қолұшын беру мақсатында ұйымдастырылды.***

Бала тәрбиелеп отырған қамқоршылар отбасылық құндылықтарды нығайтуға және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкеновтің атынан Алғыс хатпен марапатталды.

*«Ата-ана мен бала арасындағы кез келген мәселені оң шешуге әрдайым қолдау көрсетеміз. Басқарма ашылғалы бері жыл сайын аудан деңгейінде аталып өтіп, қамқоршылар марапатталатын. Ал биыл бұл бастама тұңғыш рет қалалық деңгейде ұйымдастырылды. Мекеме тарапынан жасалған бұл іс-шара – балаларға жылулық пен сапалы тәрбие беріп жатқан қамқоршылардың еңбегін бағалап, оларға ерекше көңіл күй сыйлау. Қазіргі таңда қалада 921 қамқоршы тіркелген. Олардың басым бөлігі, яғни 70 пайызға жуығы – ата-әжелері, аға-апалары мен жақын туыстары. Алты айда бір рет қамқоршылардың үйін аралап, балалардың тұрмыс жағдайын, медициналық тексеруден өткенін және мемлекет тарапынан төленетін жәрдемақының мақсатты жұмсалуын міндетті түрде тексеріп отырады»,* – дейді Алматы қаласы Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының бас маманы Ботагөз Қожекеева.

Екі немересін бауырына басып тәрбиелеп отырған 75 жастағы қамқоршы Жаңылхан Ырғымбаева да сол ортадан табылды.

*«Анасы қайтыс болғанда үлкені төрт жарым жаста, кішісі бір жас екі айда еді. Үлкен немерем мектепте озат оқиды. Мемлекет тарапынан әр балаға ай сайын 165 мың теңге көлемінде жәрдемақы төленеді. Жақында Әзербайжандағы Қазақстан елшілігінің шақыруымен сол елге барып қайттық. Балалардың білім алуына баса мән беремін»,* – деді ол.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

# Мемлекетпен мүдделес

***«Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының Салалық кеңесі бизнес пен мемлекет арасын жалғаушы алтын көпір қызметін атқарып келеді. Ол білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы түйінді мәселелерді жинақтап, оларды жүйелі түрде шешу жолдарын әзірлеу мақсатында осыдан екі жыл бұрын құрылған болатын.***



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Білім беру және денсаулық сақтау саласындағы салалық кеңестің төрағасы Эльмира Әуезова бизнестің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының нәтижелерін баяндап берді.

Спикердің айтуынша, бүгінде аталған салалардағы жекеменшік бизнестің дамуына өзара байланысты үш негізгі мәселе кедергі келтіріп отыр. Олар – қаржыландырудың жеткіліксіздігі және мемлекеттік тапсырыс тарифтік саясатының жетілдірілмеуі, білікті кадрлардың тапшылығы, сондай-ақ реттеушілік талаптардың жоғары болуы мен әкімшілік кедергілер.

*«Біздің міндетіміз – кәсіпкерлердің мәселелерін жәй ғана көтеру емес, нақты шешімдерге қол жеткізуге болатын алаңдарға шығару. Осы мақсатта мәселелер Салалық кеңестің, Өңірлік кеңестің және Кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі кеңестің отырыстарында мемлекеттік органдардың, прокуратураның және басқа да уәкілетті құрылымдардың қатысуымен қаралады»,* – деп атап өтті Эльмира Әуезова.

Салалық кеңес көтерген өзекті мәселелердің бірі – 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын міндетті лицензиялау талабын енгізу. Бұл талап мемлекеттік және жекеменшік балабақшалардың барлығына қолданылады. Реформаның мақсаты – балалардың қауіпсіздігін арттыру және мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту. Лицензиялау барысында санитариялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы, бейнебақылау жүйесі мен күзеттің болуы, сондай-ақ тамақтандыруды ұйымдастыру және білім беру бағдарламаларының мазмұны тексеріледі.

Жұмыстың тағы бір бағыты – «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының Алматы колледждері үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу жөніндегі комиссияға қатысуы. Палатаның міндеті – мамандар даярлау үдерісін еңбек нарығының нақты қажеттіліктерімен байланыстыру. Жұмыс берушілер бюджет қаражаты есебінен бөлінетін орындардың сұранысқа ие мамандықтарға бағытталуына және түлектердің кейін жұмысқа орналасу үшін қажетті құзыреттерді меңгеруіне мүдделі.

Сала өкілдері қазіргі уақытта медициналық қызметтердің сапасын бақылау мен бағалаудың бірқатар тетігі қолданыста екенін де атап отыр. Олардың қатарында лицензиялау, мемлекеттік бақылау, ішкі және сыртқы сараптама, клиникалық аудит, сондай-ақ МӘМС жүйесіндегі қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу бар.

Талқылауға қатысушылардың пікірінше, қосымша міндетті рәсімдерді енгізбес бұрын қолданыстағы тетіктердің тиімділігі мен жаңа реттеушілік талаптардың қаншалықты негізді екенін бағалау қажет. Медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар адал қызмет көрсетушілер үшін негізсіз қаржылық және әкімшілік кедергілер туғызбауы тиіс деп отыр сарапшылар.

**Нұржамал ӘЛІШ.**

# БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

***Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасымен баланы зорлық-зомбылықтан қорғауға және отбасылық мәселелерді ерте анықтауға бағытталған 10 жаңа Заң қабылданып, балалар саясатының барлық бағыттарын біріктіретін 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы бекітілді.***



Алматы қаласындағы Оқушылар сарайында Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының бастамасымен кеңейтілген отырыс өтті. Жиынға Алматы қаласы Полиция департаменті, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Білім басқармасы, Психологиялық қолдау орталығы, №1 арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Отбасын қолдау орталығы, сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелері мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Аталмыш шараның негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алу және Алматы қаласы әкімінің орынбасары бекіткен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының бірыңғай Алгоритмін іске асыру. Жиынды Алматы қаласы Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Жанат Айтпаева ашып, саладағы негізгі өзгерістер мен жаңашылдықтарға тоқталды.

Басқарма басшысы саладағы кадрлар санының артуы, қорғаншылық органдарында 5 мың балаға кемінде 1 маманнан бөлінуі, кейс-менеджмент институтының қалыптасуы және 5 министрліктің бұйрығымен бекітілген Бірыңғай алгоритмнің маңызын тілге тиек етті. Жалпы, бұл алгоритм баланың құқығы бұзылған сәттен бастап оған кешенді көмек көрсетілгенге дейінгі процесті қамтиды, ал Басқарма бұл жұмыстың бірыңғай үйлестірушісі қызметін атқарады. Жиынның басты түйіні балалардың құқығын қорғау мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ешқандай іркіліс пен түсініспеушілікке орын жоқ болды. Өйткені, әрбір баланың мәселесі – кейінге қалдыруды көтермейтін, дер кезінде шешілуі тиіс кезек күттірмейтін міндет.

*«Басты мақсатымыз – қағаз жүзіндегі есеп емес, бала мен отбасына шынайы әрі уақытылы көмек көрсету. Балалардың қауіпсіздігі – тек бір ведомствоның емес, бүкіл қоғам мен мемлекеттік органдардың ортақ жауапкершілігі. Жаңа алгоритм дағдарыстық жағдайларда жедел ден қоюға және әрбір балаға атаулы көмек көрсетуге мүмкіндік береді»,* – деп баса айтты Жанат Жеңісбекқызы.

Басқосу барысында әр ведомство өзіне жүктелген міндеттердің маңыздылығын саралады. Мәселен, Ювеналды полиция өкілі құқық бұзушылықтың алдын алу мен жедел әрекет ету механизмдеріне тоқталса, Отбасын қолдау орталығының мамандары дағдарысқа ұшыраған отбасыларға психологиялық-әлеуметтік көмек көрсетудің қыр-сырын баяндады.

Іс-шарада Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Рафаэль Гасанов осындай маңызды ведомствоаралық кездесуге қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдерінің арнайы шақырылғанына алғыс білдіріп, балалардың құқықтарын қорғаудағы әрбір мекеменің ерекше орны мен жауапкершілігін атап өтті.

*«Ведомствоаралық отырысқа қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, ашық пікір алмасуға жағдай жасалғаны үшін алғыс білдіремін. Біз бәріміз ортақ іс атқарып жатырмыз. Балалардың құқықтарын қорғау баршамызға ортақ міндет, олар біздің ең басты құндылығымыз. Қалада арнайы әрекет ету алгоритмі құрылып, мобильді топтар белсенді жұмыс істеп жатқанымен, жекелеген тетіктерді әлі де жетілдіре түсу қажет. Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі бұл мәселені ұдайы қоғамдық бақылауда ұстайды»,* – деді.

Түйткілді мәселелерді шешуде кешенді тәсілдің маңыздылығын Білім беру жүйесі мен Психологиялық қолдау орталығының өкілдері де растады. Олар өз сөзінде мектептердегі психологиялық ахуалды тұрақты бақылап, қауіп-қатер белгілерін ерте анықтауға, балаларға эмоционалдық қолдау көрсету мен бейімделуіне көмектесуге, сондай-ақ қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға баса мән беретіндіктерін жеткізді.

Кездесу барысында балалардың құқықтарын қорғау мен олардың мәселелерін шешуде бюрократиялық кедергілер мен түсініспеушіліктерге жол бермей, кез келген түйткілді дер кезінде әрі барынша тиімді шешу қажеттілігі баса айтылды.

Жиын қорытындысы бойынша мекемеаралық ақпарат алмасуды жеделдету және қаланың әрбір ауданында балаларды қорғау тетіктерін нәтижелі жүзеге асыру бойынша нақты шешімдер қабылданды.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

***Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау күллі әлемнің Раббысы Алла Тағалаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!***

***Біз – «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген қағиданы берік ұстанған ұлтпыз. Халқымызда «Уықты басқұр сақтайды, халықты дәстүр сақтайды» деген аталы сөз бар. Расында, Құдайсыз қоғам құру басты идеологияға айналған кешегі кеңес заманында дініміз бен салтымызды сақтап қалуға дәстүріміз күшті ықпал етті. Ел арасындағы діни құлшылықтар халқымыздың дәстүрлі рәсімдері ретінде қабылданды. Оны жұртымыз жақсы біледі.***



**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,**
**ҚМДБ Төрағасы,**
**Бас мүфти**



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК

«Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын» деген қанатты сөздің мәнін күн санап түсініп келеміз. Шариғатымыз халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптарға ешқашан тыйым салмаған. Ғұрыппен әмір ету – дініміз рұқсат берген істің бірі. Оған қасиетті Құран Кәрімдегі: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет...» деген «Ағраф» сүресінің 199-аяты дәлел ретінде жеткілікті.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Исламға дейін әдет-ғұрыптан пайда болған, яғни өмірдің өзі туғызған шариғат негіздеріне қайшы келмейтін дәстүрге тыйым салмады. Ал қазіргі кезде салт-дәстүріміздің қайнар көзі болған жиын-тойларымыз ғұрпымыз бен шариғатымызға сай өтіп жүр ме? Бұл дін мен дәстүрді ел ішінде ұдайы насихаттап жүрген бізді, дін қызметкерлері мен имамдарды ойландырмай қоймайды.

Халқымыз «Мал – баланың шашуы» дейді. Жұртымыз дүниеге сәби келісімен «шілдехана», «бесікке салу», «қырқынан шығару», уақыт өте келе «тұсау кесу», «сүндет той», «атқа мінгізу», «тоқым қағар», «тілашар» сияқты тойларын жасап, қуанышы мен қызығын ағайынмен бірге өткізген. Шілдехана тойын мұсылмандық дәстүр деп айтсақ та болады. Яғни ақиқаның бір көрінісі іспеттес. Ақиқа – нәресте дүние есігін ашқанда Алла Тағаланың ұрпақ беру нығметіне шүкіршілік ретінде сойылатын құрбандық түрі. Демек, қазақтың шілдеханасын шариғаттан шет кетпеген ұлттық салт деуге болады. Одан кейін үйлену, қыз ұзату тойлары, қазіргі уақыттағы әулет үлкендерінің мерейтойлары, қоныс той бар, қарап отырсақ, қазақтың тойшыл халық екені осыдан-ақ көрінеді. Алайда, «Той десе, қу бас жерге домалайды» дейтін халқымыз тойшыл келгенімен, ысырапшыл болмаған. Торқалы тойында да, топырақты өлімінде де аталарымыз ас та төк мал шашуды құп көрмеген.

Қасиетті Құран Кәрімнің «Фұрқан» сүресінің 67-аятында: «Олар мал-дүниені жұмсағанда ысырап та етпейді, сараңдық та істемейді, осы екеуінің ортасын ұстайды», – деп баяндалғандай, бұрынғылардың ысырапты да ескергені, сараңдыққа да бой алдырмағаны даусыз.

Имам Журжани (Алла оны рақымына алсын): «Ысырап – көп мөлшердегі мал-мүлікті пайдасыз нәрсеге жұмсау, шығын шығару шегінен асып кету. Кейбіреулердің айтуынша, ысырап – адамның өзіне рұқсат етілмеген нәрсені жеуі немесе рұқсат етілген тағамды қажеттіліктен тыс тұтынуы. Ысырап – белгілі бір мөлшерден асып кету, яғни өзіңе берілген несібенің қадірін білмеу және оны қажетсіз артық жұмсау. Бұл – бейберекет шашу», – деп түсіндірген.

Ысырапқа қатысты тағы бір келеңсіздік – құдайы астардағы дастарқан мәзірінің тойдан кем жайылмауы. «Қазалы үйде қазан көтерілмесін» деген игі дәстүр еліміздің кейбір ауылдарында әлі күнге сақталған. Шын мәнінде бұл – қара жамылған шаңырақ үшін материалдық һәм рухани қолдау. Өйткені, жақынын жоқтап отырған адамның уайым тұңғиығына еніп кетпеуі өте маңызды.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы осыған дейін «Ас беру мәдениеті» құжатын қабылдады. Аталмыш құжат ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесінің бірнеше мәжілісінде талқыланып, бекітілгенін ерекше атап өткен жөн. Ол құжатты қабылдаудағы негізгі мақсат – Қазақстанның барлық аймағында шариғат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру және насихаттау. Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміз болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұстарын бір ізге келтіріп, келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Құжатта құдайы ас берудің тарихи мәні, анықтамасы, дін мен дәстүрдегі орны, өзектілігі жан-жақты сараланып, тәптіштеп түсіндірілді. Сондай-ақ, құжатта құдайы ас беру мәдениетінің негізгі жеті тірегі ұсынылды. Жеті тірек ішінде шынайы ниет ету, құдайы асқа жиналу, Құран оқу, бата беру және дұға жасау, ысырапқа жол бермеу, құдайы аста уағыз-насихат айту, марқұмды еске алу және қаралы отбасын жұбату, құдайы аста қарапайымдылықты сақтау сынды мәселелер қамтылды.

Болашақ ұрпақ үшін дұрыс бағдар беріп, жөн сілтеу мақсатында дәстүрлі діни жөн-жоралғыларымызды шариғи һәм ғылыми тұрғыдан саралап жүзеге асыру – заман талабы. Қоғамда көрініс тауып отырған, шариғат пен дәстүрге сәйкес келмейтін шындығынан жорамалы басым, пайдасынан зияны көп кейбір әдеттердің ел арасында етек жая бастауы баршамызды алаңдатып отыр.

***«Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын» деген қанатты сөздің мәнін күн санап түсініп келеміз. Шариғатымыз халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптарға ешқашан тыйым салмаған.Ғұрыппен әмір ету – дініміз рұқсат берген істің бірі.***

Әсіресе, қайтыс болған кісіні арулап жер қойнына тапсырып, жаназасын шығарғанда, жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты дастарқан жайылғанда дінімізде нақты талап етілмеген, салт-дәстүрімізге сай келмейтін, ақырет үшін пайдасыз кейбір әдеттер қоғамда белең ала бастады. Мысалы, жақынынан айырылып отырған қаралы шаңырақ «көпшілікке ас беру – перзенттік міндетіміз» деп ас та төк дастарқан жайып, шектен тыс шығынға батуда. Бұл орташа табысы бар көптеген отбасыларға ауыртпашылық тудыратыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күні еске алу іс-шараларын ұйымдастыру мәселесі өзекті тақырыптың біріне айналды.

Ауқатты отбасылар құдайы асқа ірі қара сойып, құрбан шалып жатқанда, жағдайы төмен және орташа отбасылардың одан қалысқысы келмейтіні түсінікті. Осыдан кейін жұрттан қарыз алып, қауғаланып «парызымды орындаймын» деп дүниеден өткен жандарға ас беріп, шығындалып жүргендер де жоқ емес. Ал шын мәнінде, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар!», – деген.

Бүгінгі күні осы сынды жағдайлар реттелмесе, жыл өткен сайын бұл мәселе күрделене түсуі мүмкін. Сол себепті, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы осы рәсімдерді ретке келтіретін арнайы құжатты ел назарына ұсынды.

Ең алдымен құдайы астың негізгі мәні көпшіліктің басын қосып марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатын тілеу, пендешілікпен өткен қателіктері мен күнәлары үшін Жаратқаннан жарылқау сұрау екенін ұмытпау қажет. Ата-бабамызды құрметтеу, олардың салған изгі жолын қадірлеу – әрбір ұрпақтың қастерлі борышы. Өйткені, ата-бабалардың жүріп өткен жолы – бүгінгі ұрпақтың рухани тұғыры. Ислам діні бұрын өткен игі буынды құрметтеп, оларды жақсы сөзбен еске алуға үндейді. Ол жөнінде қасиетті Құран Кәрімде: «Өздерінен кейін келгендер Аллаға: «Уа, Раббымыз! Бізді және бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды кешіре көр! Жүрегімізде иман келтірген жандарға деген жек көрушілік, өшпенділік сынды жаман сезімнің оянуына жол бере көрме! Уа, Раббымыз! Шүбәсіз, Сен өте Мейірімді һәм Рақымдысың», – деп дұға етеді», – делінген («Хашыр» сүресі, 10-аят).

Ислам құқығында «Үкімдер уақыт пен мерзімнің өзгеруіне қарай өзгеріске ұшырайды» деген маңызды қағида бар. Сондықтан жаңа заман талабына сай кейбір әдеттер мен дағдылардың өзгеруі заңды құбылыс. Қазіргі кезде бүкіл әлемде қоғамның ақпараттық бет-бейнесі күрт өзгеруде. Ақпараттық технологияның санаулы жылдардың ішінде қарыштап дамып, қоғамдық көзқарас пен түсініктің де күрт өзгеріп кетуі бұрынғы өмір сүру дәстүрлерін сол қалпында ұстануға мүмкіндік бермейді. Тек тарихи қалыптасқан жолды ғана ұстанумен шектеліп, жаңа талаптарға бейімделмеген халықтардың қоғамға ілесе алмай, көптеген қателіктерге бой алдырып жатқаны белгілі.

Дәл сол секілді құдайы ас беру мәдениетін де заман мен қоғам талабына сәйкестендірудің қажеттілігі туындап отыр. «Құдайы ас» берудің түпкі өзегін, мәнін сақтай отырып, жаңаша сипатқа көшудің маңызы осында. Құдайы астағы дастарқан мәзірін бекітіп, сол мәзірге халықтың бірауыздан келісуі маңызды. Құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыратын бірізді ереже қабылдап, оны жан-жақты дәріптеп жатқанымыз сондықтан. Бұл құжат бүгінгі қоғамдағы рухани ынтымақ-бірлікті сақтауға және заман талаптарымен санасуға ықпал етуде. Аллаға шүкір, қала мен өңірдегі мешіт жанынан ашылған асханаларда ҚМДБ бекіткен құдайы ас мәзірі бойынша дастарқан жайылып, бұл бастама көпшілік тарапынан үлкен қолдауға ие болуда.

Қорыта айтқанда, той мен құдайы аста қонаққа жайылатын дастарқанда ысырапқа, бос мақтанға жол берілмеуі керек. Сондай-ақ, әрбір жиынның белгіленген уақытта басталуы да адамдардың уақытына құрметпен қараудың белгісі. Түптеп келгенде, ол да әдеп пен мәдениетіміздің бір бөлігі. Хақ Тағала Құран Кәрімде: «...Ішіңдер, жеңдер, алайда ысырапқа жол бермеңдер. Өйткені, Алла Тағала ысырап етушілерді жақсы көрмейді» деген («Ағраф» сүресі, 31-аят). Алла Тағала біздердің асыл дінімізді берік ұстап, салтымызды сақтаған, дәстүрін құрметтеген ұрпақтан болуымызды нәсіп еткей! Уақыты мен ішіп-жемінде, дүниелік істерінде ысыраптан сақтап, дінге адал, дәстүрге берік қазақ жұртына амандық бергей. Әмин!

## ҚАУЛЫ

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы*
*№ 4/636-1767 қаулысы*

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 10 шілдедегі №34.2-34.03/1208-И, 2026 жылғы 15 қыркүйектегі №34.01-34.03/1775-И хаттары негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Төле би көшесін ұзарту үшін Алматы қаласы, Наурызбай ауданында Ясауи көшесінен қала шекарасына дейін орналасқан 2 (екі) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603 кабинет болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шаралар аяқталғаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ.**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы «4»қарашадағы*
*№4/636-1767 қаулысына қосымша*

### Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Qazaq Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-322-001-169 | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/95 учаске | жалпы -4,0764 иеліктен шығарылатын ауданы-1,4651 |
| 2 | Избакиев Шаукет Пидахметович | 20-322-002-1198 | «Шұғыла» шағынауданы, Әшірбек Сығай көшесі, 49 | жалпы -0,0437 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0382 |

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1768 қаулысы*

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 1 тамыздағы №32.2-32.02.4/4995-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ортақ пайдалану объектісін (Алматы қаласының әкімшілік макеті) салу үшін Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесінің бойында орналасқан 2 (екі) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602 кабинет болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы «4» қарашадағы*
*№4/636-1768 қаулысына қосымша*

### Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Пикалов Олег Леонидович | 20-313-029-039 | Жароков көшесі, 127 | 0,0658 |
| 2 | Степаненко Лидия Ивденовна | 20-313-029-008 | Жароков көшесі, 129 | 0,0574 |

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1769 қаулысы*

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 17 маусымдағы №34.1-34.03/980-И хатының негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рысқұлов даңғылын Ф.Оңғарсынова көшесінен Алматы қаласының шекарасына дейін ұзарту үшін Юсупов Руслан Ахметжанұлынан Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Теректі» шағынауданы, С.Мұратбеков көшесі, 32-үй мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-321-070-1956, жалпы ауданы 0,0700 га жер учаскесінің 0,0234 га бөлігін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603 кабинет болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскесі бөлігінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1770 қаулысы*

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 15 ақпандағы №47.3-47.07/667-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Емхана аумағын кеңейту үшін Гафура Нуртазаевна Ибраеваның Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Қуаныш» шағынауданы, 14/1 мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-312-060-395, жалпы ауданы 0,7360 га жер учаскесінің ауданы 0,1525 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 606 кабинет болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіппен жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі іс-шаралар аяқталғаннан кейін жер учаскесінің бөлігін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1771 қаулысы*

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Түрксіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 9 сәуірдегі №27.2-27.08/260-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сейфуллин» саябағын күрделі жөндеу және көріктендіру жұмыстарын кешенді түрде жүзеге асыру үшін Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Ержанов және Шолохов көшелерінде орналасқан 2 (екі) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 606 кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Түрксіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы «4» қарашадағы*
*№4/636-1771 қаулысына қосымша*

### Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Долиненко Алена Юрьевна, Долиненко Александр Викторович | 20-317-048-114 | Түрксіб ауданы, Ержанов көшесі, 161Б | 0.0453 |
| 2 | Чотбаева Айгуль Байжановна | 20-317-048-039 | Түрксіб ауданы, Шолохов көшесі, 30 | 0.0504 |

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1772 қаулысы*

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №34.1-34/1223-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Тілендиев көшесін ұзарту үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін орналасқан 2 (екі) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602 кабинет болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелеріне хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шаралар аяқталғаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1772 қаулысына қосымша*

### Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Какеева Акерке Кобегеновна | 20-321-008-060 | «Дархан» шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 54А | жалпы - 0,0770 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0018 |
| 2 | Арли Баги Небиевич, Арли Фатима Шеуевна | 20-321-008-247 | «Дархан» шағынауданы, Қуанышбаев көшесі, 55 | жалпы - 0,0537 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0036 |

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы № 4/636-1773 қаулысы*

### Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 31 қазандағы №4/530-2226:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 155-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 155 | Сулейманов Исмеил Шамил-Оглы | 20-311-041-450 | Есентай көшесі, 28 | жалпы - 0,0317 үлесі - 0,0175 |

».

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-883:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 1-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кахарманова Мукарям, Мансурова Дилбирим Музапаровна | 20-321-003-064 | «Дархан» шағынауданы, Сабатаев көшесі, 22 | жалпы - 0,1325 үлесі - 0,0593 |

».

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 26 ақпандағы №1/1-219:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 20-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 20 | Акимжанова Мария Ивановна, Гайворонская Светлана Ивановна, Максутова Шухрибан Таировна, Кузнецов Руслан Александрович; Кузнецов Ильяс Александрович | 20-321-004-331 | «Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 99 | жалпы - 0,1000 үлесі - 0,0500 үлесі - 0,0167 |

»;

реттік нөмірі 21-жол алынып тасталсын.

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 20 мамырдағы №2/195-673:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 1-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Акмурзаева Акмарал Пасанбековна, Оңғарбаев Талғат Арапбекұлы | 20-321-072-2900 | «Мәдениет» шағынауданы, 844/4 учаске | жалпы - 0,0906, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0432 |

».

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 29 шілдедегі №3/405-1189:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 8-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Раимкулова Куралай Омирзаковна, Нұрланұлы Әли | 20-315-062-213 | Құлжа тас жолы, 56/8, 4 пәтер | жалпы - 0,3200 үлесі - 0,0176 үлесі - 0,0025 |

»;

реттік нөмірі 17-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 17 | Раимкулова Куралай Омирзаковна, Нұрланұлы Әли | 20-315-062-213 | Құлжа тас жолы, 56/8, 13 пәтер | жалпы - 0,3200 үлесі - 0,0445 үлесі - 0,0064 |

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1774 қаулысы*

## Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 17 наурыздағы №1/1-416:
қосымшадағы:
реттік нөмірі 236-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 236. | Рогачева Ирина Александровна, Инкина Наталья Сергеевна | 20-317-000-000 | Закарпатская көшесі, 1/5, 593 көлікжай | |

».
2) «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 29 шілдегі №3/405-1191:
қосымшадағы:
реттік нөмірі 3-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | Жетпысбаев Серик Нурханович | 20-315-074-106 | «Мұзтау» шағынауданы, 531 | 0,0316 |

».
3) «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскесінің бөлігін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 29 шілдегі № 3/405-1192:
аталған қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«Индустриалық аймақтың аумағын кеңейту үшін Федор Борисович Новиковтың Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Алғабас» шағынауданы, 7-ші көшесі, 142/3 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-321-066-262, жалпы ауданы – 43,9324 га, үлесі - 42,7064 га, иеліктен шығарылатын ауданы 0,2772 га бөлігін мемлекет мүктажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бастальсын».
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1775 қаулысы*

## Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
1) 2024 жылғы 29 ақпандағы №1/1-86 «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 9-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9. | Калинкина Виктория Викторовна | 20-315-029-700 | Панфилов көшесі, 244 | жалпы -0,0090 үлесі - 0,0045 |

»;
2) 2024 жылғы 27 маусымдағы № 2/225-969 «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 92-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 92. | «ЖК Alatau Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-322-001-090 | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/14 | жалпы - 1,9974 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,5173 |

»;
реттік нөмірі 108-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 108. | «ЖК Alatau Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-322-001-135 | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/25 | жалпы - 2,5039 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,4892 |

»;
3) 2025 жылғы 30 шілдедегі №4/675-1105 «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмері 7-жол алынып тастальсын;
4) 2025 жылғы 22 желтоқсандағы №4/675-1585 «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмері 35-жол алынып тастальсын:
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы №4/636-1776 қаулысы*

## Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қатардағы №1/1-61:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірлері 22, 23, 46-жолдар алынып тастальсын.
2) «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 19 ақпандағы №1/1-320:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірлері 64, 65, 67, 68, 93, 96-жолдар алынып тастальсын;
реттік нөмірі 46-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 46. | Оспанов Мырзабай Ахметович | 20-315-046-076 | Жетісу көшесі, 44/1, 1 пәтер | жалпы-0,0726 үлесі-0,0161 |

»;
реттік нөмірлері 60-63-жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 60. | ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны | 20-315-046-120 | Райымбек даңғылы, 50А | жалпы-1,3757 үлесі-0,7235 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2841 |
| 61. | «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» акционерлік қоғамы | 20-315-046-120 | Райымбек даңғылы, 50А | жалпы-1,3757 үлесі-0,6522 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1320 |
| 62. | «ЖЕЛДІРМЕ» автомобиль жасау және автомобиль жөндеу жөніндегі компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-315-047-109 | Потанин көшесі, 40 | жалпы-0,2264 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0661 |
| 63. | Шафкинова Анжела Тулепбергеновна | 20-315-047-229 | Райымбек даңғылының оңтүстігінде, Нүсіпбеков көшесінің шығысында | жалпы-0,1144 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0373 |

».
3) «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №3/470-1177:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 54-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 54. | Оспанов Ербол Куралович | 20-317-106-270 | Д.А.Қонаев атындағы тұтыну кооперативі, 4/12 учаске | жалпы-0,0565 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0157 |

».
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы*
*№4/636-1777 қаулысы*

## Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 6 мамырдағы №2/195-631 «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 6 мамырдағы №2/195-631 «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» қаулысына өзгеріс енгізілсін:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 8-жол алынып тастальсын.
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2026 жылғы 4 қарашадағы*
*№4/636-1778 қаулысы*

## Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 2/262-559 «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі №2/262-559 «Мемлекет мүктажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 2-жол алынып тастальсын.
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**








Академик, Қазақ ССР халық депутаты, Әл-Фараби атындағы сыйлықтың лауреаты Үшбаев Кеңесбай Үшбайұлы өмірден өтті.

Кеңес Үшбайұлы 1940 жылы Алматы облысы, Кеген ауданында дүниеге келген. Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген, ғылым докторы, профессор.

1973–1980 жылдары Қазақ КСР-ы Денсаулық сақтау министрлігінің Бас дәріхана басқармасы бастығының орынбасары және бастығы қызметін атқарған.

1991-1992 жылдары Шымкент фармацевтикалық институтының ректоры.

12-шақырылымдағы Қазақ ССР Жоғары кеңесінің халық депутаты.

**ҮШБАЕВТАР отбасы.**


ALMATY AQPARAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы **Абдухалил ЖАЛИЛОВ** тел.: 248-64-04.

**Қабылдау бөлмесі:** тел.: 248-60-08.

E-mail: **almatyaqparat@gmail.com**

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы – **Құралай ИМАНБЕККЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы – **Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор – **Куаныш ДЮСКАЛИЕВ** тел.: 248-49-55. E-mail: **rekalmatyaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: **rekalmatyaqparat@gmail.com** тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ, Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА... «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:**

**8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 (WhatsApp) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз**

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі: «Almaty Aqparat» ЖШС.**
E-mail: **almatyaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)**

**Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.


Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

ҚАЛА ИМИДЖІ

# АБАЙ ДАҢҒЫЛЫМЕН АУДИОСЕРУЕН

***Қаланың Бостандық ауданындағы көрнекті орындар мен тарихи ғимараттар туралы қызықты деректерді қамтитын «Абай даңғылының бойымен» атты иммерсивті аудиоспектакль әзірленді.***




Бұл – қаланың таныс көшелерімен серуендей отырып, оның тарихына үңілуге, сәулет өнерінің ерекшеліктерін тануға және Алматының атмосферасын өзгеше сезінуге мүмкіндік беретін ерекше форматтағы жоба. Бізге де осы аудиоспектакльдің тыңдаушысы болуға мүмкіндік туды. Яғни Бостандық ауданы әкімдігінің мамандары БАҚ өкілдерін Абай даңғылының бойымен серуенге шақырды. Аудиосеруеннің жүргізушісі Меруерт Ахан бәрімізге құлаққап берді де, өзі жол бастады.

Аудиоспектакльдегі оқиға ең үлкен Абай даңғылы бойында өрбиді. Біз күн сайын осы көшенің бойымен жүріп өтеміз. Бірде жұмысымызға, сабағымызға асығамыз, кейде достарымызбен кездесеміз, ал бір жолы жаттығуға немесе спектакльге барамыз. Әйтеуір бір қарбалас тіршілік. Ал егер үйреншікті қаламызға басқа қырынан қарап көрсек ше?

Иә, «Абай даңғылының бойымен» – қала сахнаға, ал сіз серуеннің басты кейіпкеріне айналатын аудиоспектакль. Сіз әдеттегі көшемен жүріп келесіз, ал құлаққаптағы қыз бен жігіттің, яғни Данияр мен Алма атты кейіпкердің өзара әңгімесі, өзге де түрлі дыбыстар арқылы өткен кезең қайта жанданады. Телефон экранында архивтік фотосуреттер пайда болып, таныс орындардың қала үшін, сіз үшін қандай маңызды екенін түсінесіз. Ал күнделікті жүріп жүрген бағытыңыз бір сәт уақыт кеңістігіне, саяхатқа айналып шыға келеді.

...Данияр Тараз қаласынан Алматыға қыдырып келіп, Абай даңғылымен серуендеп келе жатыр. Ал онымен кездесуі тиіс Алманың күтпеген жерден үйінің есігі жабылып қалып, подъездің алдында шеберді күтіп отыр. Сонда да Алма Данияржа телефон арқылы қаланы «аралатып» шығады. Алма үшін бұл жерлер балалық шағы, отбасы және жеке естеліктері бар орын. Ал Данияр үшін – әдемі, сәулетті ғимараттар мен өзі бұрын-соңды байқамаған детальдар. Олар Орталық стадион, футбол, цирк және балалық шақ туралы әңгімелеседі. Сол сәтте екеуінің арасында қарапайым серуеннен әлдеқайда маңызды бір нәрсе басталады. Сезім ұшқыны тұтанады. Ал олар бір-бірін түсінуге тырысып жатқанда, сіз Алматыны, оның ең таныс әрі қарқынды дамып келе жатқан Бостандық ауданын жаңа қырынан тани бастайсыз.

– Аудиосеруен басталатын нүкте – Абай даңғылы мен Байтұрсынұлы көшесінің қиылысы, Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайы жағынан. Ал аяқталатын нүктесі – Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі. Форматы – аудио және чат-бот арқылы өтетін аудиоспектакль-серуен. Серуенге қажет заттар – интернетке қосылған смартфон, құлаққап және ыңғайлы аяқкиім. Жоба бір жыл бойы өткізіледі. Басты мақсат – алматылықтарға күн сайын көріп жүрген қаласын жаңа қырынан таныту. Енді Абай даңғылы арқылы өткен әрбір адам оның бүгінгі көрінісімен қатар, өткен тарихын да тыңдай алады, – дейді «Абай даңғылының бойымен» аудиосеруенінің жүргізушісі Меруерт Ахан.

Бұл жоба Бостандық ауданы әкімдігінің бастамасымен және қолдауымен жүзеге асырылды.


**Нұржамал ӘЛІШ.**




ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

# МАРАПАТТЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

***Күні кеше Абай облысында екі жылға таяу еңбек өтілі бар 23 жастағы журналистің «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленуі әлеуметтік желіде қызу талқыға түсіп, үлкен резонанс туғызды. Иә, талқылаудың түпкі өзегі – мемлекеттік марапаттың беделі мен оны беру кезіндегі әділдік таразысы.***




Рас, әлеуметтік желі қолданушыларының басым көпшілігі жиырма үштегі «ерен еңбек» иесіне пәрменді қарсылық танытты. Жас маманды марапаттауға қарсы емес екенін айтып, мемлекеттік наградаға лайық болудың қандай өлшемдері бар екенін сұрап жатқандар да жоқ емес.

«Егер бұл рас болса... Өз басым мұны мемлекеттік марапаттың құнын түсіріп, «мемлекет» деген ұғымды қорлау деп түсінемін. Медаль қайтарылып, кінәлілер жазалануы тиіс...» (Өмір Шыныбекұлы).

«Марапат берген дұрыс, еңбегіне қарай берген орынды, солай берілуі керек. Бірақ біз қазір бәрінің құнын түсіріп жібердік. «Құрмет», «Парасаттың» да құнын жоғалттық. Бүгінде шенділердің бәрінде бар. Спортта жеңген спортшыларға да аямай үлестіргенбіз. «Құрмет», «Парасат» алғандардың арасында сотталып кеткендер де бар...» (Мақсұт Таңжарықұлы).

«Ерен еңбегі үшін» атағы қай жастағы адамға беріледі өзі? 23 жастағы қызға бола сонша буллинг жасап жатқандары қалай? Жалпы, «Ерен еңбек» атағы жасына қарай беріле ме, әлде атқарған еңбегіне қарай ма? Жастарға мотивация болсын, еңбегі бағаланбасын деп марапатталып жатса, неге бұған қарсы шығып дүрлігеді?» (Мәдина Махамбетқызы).

«Марапаттың мәнісін кетірмеу керек қой. Жоғарыдағылар емес, төмендегілер ұсынады емес пе...» (Тельман Бейсен). «Бүкіл ғұмырын адал еңбекке арнаған 90 жастағы апа «Ерен еңбегі үшін» медалін алды. 23-тегі қыздың екеуінің алған марапаты бірдей. Бұл жерде қыздың кінәсі жоқ-ау! Ең құрығанда «Шапағат» медаліне ұсына салса болар ма еді» (Зұлқаров).

Осы ретте мемлекеттік медальдің заңдағы талабы қандай екенін де айта кетейік. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңының 21-бабында «Ерен еңбегі үшін» медалі экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі еңбек жетістіктері үшін беріледі делінген. Ал бұл медальді алу үшін міндетті еңбек өтілі, жас мөлшері көрсетілмеген. Дегенмен, әлеуметтік желі қолданушысының «менің енем 33 жылдан бері жедел жәрдемде еңбек етіп келеді. Күн демей, түн демей, шақыртуға асығумен жүреді. Осы уақыт ішінде еңбегі үшін алғаны тек қағаз мадақтама ғана, бірде-бір медаль алмаған» деген жазбасы көңілге ой салары анық.

Әрине, еңбек өтілі қысқа адамның марапат алуы оның еңбегі жоқ дегенді білдірмесе керек. Алайда, біз сөз етіп отырған мемлекеттік награда атауының өзі айрықша еңбекті меңзейтіндіктен, қоғам бұл марапаттың нақты қандай жетістіктерге негізделгенін білгісі келгендіктен осындай пікірқайшылығы орын алғаны сөзсіз.

Сайып келгенде, 23 жастағы журналистің марапатталуына қатысты алуан сөз бір адамның төңірегіндегі пікірталастан әлдеқайда кең ауқымдағы мәселені көтерді. Яғни күн тәртібіне мемлекеттік наградаларды тағайындау кезінде қандай қағидалар басшылыққа алынатыны және азаматтардың еңбегі қалай бағаланатыны туралы сұрақтарды шығарды. Біріншіден, марапат иесінің нақты жетістіктері мен қоғамға қосқан үлесі туралы ақпарат қолжетімді болғаны жөн. Екіншіден, әртүрлі саладағы азаматтардың еңбегі бірдей құрметтеліп, оларды ұсыну рәсімінің әділдігіне сенім болуы қажет. Ұзақ жыл еңбек еткен мамандардың жетістіктері назардан тыс қалмаса. Жас мамандарды қолдау мен тәжірибелі қызметкерлердің еңбегін бағалау бір-біріне қайшы келмеуге тиіс. Екеуі де қоғамның дамуына қажет.

Айтпақшы, жыл басында экс-депутат Мақсат Толықбайдың «Марапат институтының беделі құнсызданып барады. Медаль алмаған кім қалды өзі?» деп мәселе көтергені естеріңізде шығар. Мәжіліс мінберіндегі депутаттық сауалында, әсіресе, аты-жөні белгісіз қоғамдық ұйымдардың түрлі орден-медаль мен атақтарды ашық немесе жасырын түрде сатып, оны салтанатты шоуға айналдырғанын сынға алған-ды. Ол бұл құбылыстың ең қауіпті тұсы – жалған марапаттардың білім беру саласына еніп, бүгінде мұғалімнің кәсіби деңгейі білім сапасымен емес, алғыс хат пен медаль саны арқылы өлшенетін жағдай қалыптасқанын айтқан болатын.

Сол тұста мемлекеттік және қоғамдық наградалардың бірыңғай тіркелімін енгізу, цифрлық бақылау мен қадағалау тетіктерін күшейту арқылы марапат институтының ашықтығы мен беделін қамтамасыз ету жайында ұсыныс та тасталған-ды. Міне, осы мәселе шындап қолға алынса, марапаттау туралы шешімнің негіздемесі жұртшылыққа түсінікті түрде көрсетілсе, бүгінгідей күмәнкүдік, наразылық тумас па еді. Қалың жұртшылықтың тоқетер ойы осыған саяды.

**Нұржамал ӘЛІШ**
*Карикатураны салған: Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.*

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 509,43 теңге | $ USD/KZT 452,91 теңге | ₽ RUB/KZT 5,53 теңге | ¥ CNY/KZT 67,87 теңге